



БЕЙСЕНБІ №32 (4426)  
21.03.2024

# Ұлыстың ұлы күні құртты болсын!

# AIQYN



www.aikyn.kz  
e-mail: aikyngazeti@gmail.com  
www.facebook.com/aikyn.kz  
@aikyngazeti



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТ

## ТӨРЕ НАУРЫЗ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ТӨРГЕ ШЫҚТЫ

Ата-бабамыздың таным-талғамынан бастау алған, тарихтың тезінен, уақыттың сынынан шыңдалып өтіп, біздің заманымызға жеткен өз Наурыз ұлтымыздың асыл құндылықтарының қалыптасуында маңызды рөл атқарды. Әлемнің де, адамның да жан дүниесінің жаңғыруына қатар ықпал ететін Ұлыстың ұлы күні қазіргі заманда ел арасында мейірімділік пен қайырымдылықты, бірлік пен бақ-берекені, келісім мен татулықты нығайтуға үлес қосып келеді.

### МЕРЕКЕ ЗАМАНҒА САЙ ЖАНҒЫРТЫЛАДЫ

Наурыздың ұлы құндылықтары бүгінде де өте өзекті. Сондықтан оның мемлекет пен қоғамның бір-бірімен де, табиғатпен де үйлесімде дамуын қамтамасыз ете алатын ғаламат қуат-күшін пайдалану заманауи идеологияның маңызды міндеттерінің бірі саналады.

ЮНЕСКО ай мен күндей әлемге бірдей адамзаттың ортақ қазынасы деп таныған бұл мерекені тәуелсіздіктің 30 жылында еліміздің әр өңірі өзі білгенінше әрқалай атап өтіп келді. Мысалы, кейбір өңір жайлауда аппак киіз үйлер тігіп, қазан қайнатып, ас пісіріп, тұрғындарды автобустармен таситын. Батыс облыстар Көрісу, Амал мерекелерін басты орынға қойды. Оңтүстік Қазақстан облысы Наурызды қатарынан 9 күн тойлауға талап қылып көрді.

Қазақстанда Наурызды атап өту өзге мейрамдардан көп ерекшеленбейтін. Тек тігілген киіз үйлер, құрылған алтыбақан мен ұлттық киімдер оның өзге мейрам емес, өз Наурыз екенін аңғартатын. 2019 жылдың соңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен, сол кездегі ел Үкіметі Наурыз мейрамын мерекелеудің жаңа тұжырымдамасын әзірлеуге кірісті. Алайда араға



жаһандық пандемия кірігіп, 2020 жылы Ұлыстың ұлы күні жаңа тарихта алғаш рет мүлдем тойланбады, азаматтарға жиын-тойға жиналмай, үйде отыруға кеңес берілді.

Дегенмен Ұлыстың ұлы күнін жаңа мазмұнмен байыту қажет екені сезілетін. Содан да болар, 2020 жылғы 20 ақпанда өткен «Азаматтық алаң» пікірталас клубының алғашқы отырысында Наурыз

мейрамын мерекелеудің жаңа тәсілдемесі таныстырылып, оны ғалымдар мен этнографтар талқыға салды.

(Жалғасы 4-бетте)

### ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ОТЫЗ ҮШІНШІ СЕССИЯСЫН ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ

2024 жылғы 20 наурыз

1. Қазақстан халқы Ассамблеясының отыз үшінші сессиясы 2024 жылғы 24-25 сәуірде Астана қаласындағы Президенттік орталықта «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» күн тәртібімен шақырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан халқы Ассамблеясының отыз үшінші сессиясын өткізуді ұйымдастыру жөнінде шаралар қабылдасын.

Қазақстан Республикасының Президенті  
Қ.ТОҚАЕВ

### НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН ТЕТІК



«Қанша ғасыр сән берген даламызға  
Өзгеше бір әні едің байтақ елдің,  
Сәлем, Наурыз! Сен біздің арамызға  
Аллыс екі жылдан соң қайта келдің», — деп

«Наурызға ода» атты өлеңінде акын Мұхтар Шаханов Наурыз мерекесінің кең байтақ қазақ жеріне іле-шала күллі Орталық Азияға 62 жылғы үзілістен соң қайта оралуына осылай жүрегінен жыр төгілтіпті. Ұлыстың ұлы күні деп аталған, түбі бір түркі халықтарына ортақ, күн мен түннің теңеліп, табиғаттың да түртіні түрленер бұл мерекенің біздің еліміз үшін

де маңызы зор, мәні ерекше. Дегенмен әлі күнге мереке төңірегінде түрлі пікірталас орын алып жататыны жасырын емес. Осы ретте, «Ұлыстың ұлы күнін қалай тойлаймыз?», «Ұлттық идеологиямызға айналдыра аламыз ба?», «Жаңа заманға сай қалай жаңғыртамыз?» деген сияқты көптің көкейіндегі сауалдардың жауабын білу мақсатында тарихшы, этнограф Жамбыл Артықбаев пен мәдениеттанушы Бердалы Оспанды әңгімеге тарттық.

5»

### ШЕТЕЛДЕ ҰЛЫҚ МЕЙРАМ ҚАЛАЙ ТОЙЛАНАДЫ?

Наурыз – түркі халықтарының әріден келе жатқан көне мейрамы. Атаулы мереке – ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін күн. Мұхит асып қазақы болмысымызды шетелде айшықтап жүрген азаматтар аз емес.

Қазір жұмыс бабымен, білім көкжиегін кеңейту мақсатында өзге елдің топырағын басып жүрген қазақтар қаншама? Ішінде Ұлыстың ұлы күнін айрықша тойлап жатқандары да баршылық. Түрлі себептермен әлемнің әр түкпірінде жүрген қазақтардан Ұлттық мейрамды қалай өткізіп жатқаны жайында сұрап едік.

3»



### АРҒЫМАҚ МІНГЕН АҚЫЛБЕК



7  
БЕТ

Жылқы малын баптап-бағу, өсіріп-өрістету ісіне халқымыз қатты мән берген. Жүйрік аттарын жаратып бәйгеге қосып, аламанның алдын бермей жүрген атбегілер БҚО-да да бар.

### ҚАЗАҚТЫҢ СТРАДИВАРИ



8  
БЕТ

Қобыз – қазақ халқының көнеден келе жатқан ұлттық аспабы. Қорқыт бабамыздан қалған құнды жәдігердің қадір-қасиеті де ерек. Себебі мұнда өзге аспаптарда кездеспейтін өзіндік үн құдіреті бар.





## СЕНАТТЫҢ ҚОЛДАУЫМЕН ШАХМАТТАН ТУРНИР БОЛАДЫ

**Мәулен Әшімбаев Қазақстан шахмат федерациясының вице-президенті Александр Бабенкомен кездесіп, елімізде шахматты дамыту және халықаралық сайыс өткізу мәселелерін талқылады.**

Кездесу барысында федерация өкілі Қазақстанда шахматты дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған кешенді жоспарын іске асыру бағытындағы жұмыстар жөнінде айтты. Астанада әлем чемпионы атағы сарапқа салынған жарыс пен Азия чемпионының өткізілуі соның бір нәтижесі екенін атап өткен жөн. Құрлықтық сайыста 18 елден келген 126 шахматшы бақ сынады.

Кездесу кезінде жаттықтырушылардың біліктілігін арттыру ұлттық құрама спортшыларын даярлау үшін кәсіби мамандарды жұмылдыру, оқыту форматтарын жетілдіру, шахмат клубтарын ашу сияқты бірқатар өзекті мәселе де өңгімеге арқау болды. Сондай-ақ Александр Бабенко елімізде шахматты дәріптеу ісіне қолдау көрсеткені үшін Мәулен Әшімбаевқа алғыс білдірді.

Мәулен Әшімбаев Қазақстанда шахматтың дамуына үлкен үлес қосатын және

катысушылардың шеберліктерін шыңдауға ықпал ететін халықаралық турнир өткізудің маңызды екенін атап өтті. Сонымен қатар ол Сенат тарапынан елімізде шахмат қозғалысын одан әрі дамытуға және Қазақстан шахмат федерациясының қызметін жетілдіруге қолдау көрсетіле беретінін тілге тиек етті.

Кездесуде алдағы уақытта Сенаттың қолдауымен шахматтан қоғам белсенділері, журналистер, сондай-ақ Парламент және мәслихат депутаттары арасында өткізілетін Senat Open турниріне қатысты мәселелер де талқыланды.

Айта кетейік, қазір елімізде 200 мыңнан астам адам шахматпен айналысады. Жеті өңірде аталған ойынды үйрету үшін пилоттық жоба қолға алынған. Бұл бастама 42 мектеп пен 1000 оқушыны қамтып отыр.

## «АРБАМЕН АРМАНҒА» КІТАБЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

**Елордада «Арбамен арманға» кітабының тұсауы кесілді. Аталған туындыда I топтағы мүгедек Арнұр Ысқақовтың тағдыры баяндалады. Автор тағдыр төлкегіне қарамастан, өмірдің барлық қиындығын жеңе білді.**

Іс-шара барысында «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек мұндай кітаптар ерекше қажеттілігі бар адамдарға қолдау көрсету және әр отандасымызға қолайлы әлеуметтік орта қалыптастыру мәселесіне қоғам назарын аударатынын атап өтті.

Кітап авторы Арнұр Ысқақов аталған туындыны жазуға және басып шығаруға небәрі төрт ай уақыт кеткенін, алайда бұл идея жүргізілгеннен көкейінде жүргенін айтты.

«Суға батып бара жатқан қыздың жанайқайын естіп, бірден құтқаруға ұмтылдым. Алайда өзгенге секірген кезде басымды ұрып, омырт-



қамды сындырып алдым. Жансақтау бөлімінде жатқанымда әлгі қыздың суға батып бара жатпанын, бұл әрекетті тек әзіл-қалжың үшін жасағанын білдім. Осы қайғылы оқиға өмірімді түбегейлі өзгертті. Тағдырымның жана желісі оқырмандарды қызықтыра алады деп үміттенемін. Күш беретін, жігер жанытын кітапты қазақ тілінде жазғым келді. Көп тақырып қозғалды. Оның ішінде рухани байлық пен тәрбие де бар», — деді ол.

Айта кетейік, ерекше қажеттілігі бар адамдарды қолдау — «AMANAT» пар-

тиясы атқарып жатқан жұмыстың негізгі басымдығының бірі. Мәселен, партияның «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру аясында былтыр медициналық мекемелердің электронды құжаты негізінде мүгедектікті белгілеу процесі заңнамалық түрде бекітілді. Сонымен қатар дамуында кемістігі бар және оның пайда болу қаупі бар жас балаларға арналған 8 ерте араласу орталығы, мектептерде инклюзияны қолдаудың 61 кабинеті ашылды.

## «ЖАСТАР РУХЫНА» — ЖАҢА ТӨРАҒА

**«AMANAT» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы болып Ақерке Ескендірова сайланды. «Жастар Рухы» — бұл 20 жылдан астам тарихы бар ұйым ғана емес, өз қатарында 100 мыңға жуық белсенді жас қазақстандықты біріктірген ірі бірлестік.**

«Жастар Рухының» негізгі міндеттерінің бірі — Мемлекет басшысының Әділетті Қазақстанды құру жөніндегі реформаларын жүзеге асыру жолында жастардың күшін біріктіру. Жастар қанаты көптеген ірі әлеуметтік, патриоттық және мәдени бастаманы жүзеге асыруда.

«Жастарға жұмыс» жобасы аясында еліміздің бар-

лық өңірінде және ірі қалаларда жастарға арналған бос орындар жәрменкесі ұйымдастырылды. Нәтижесінде 25 мыңнан астам жас жұмысқа орналасуға жолдама алды. Экологиялық сауаттылықты арттыруға баса мән беретін «Tazalike» жобасы өз жалғасын тауып отыр. Жоба аясында еліміздің барлық өңірінде 100 мыңнан



астам адамның қатысуымен 1100-ден аса экологиялық акция өткізілді.

## ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕР БОЙЫНША ПАРЛАМЕНТТІК ТЫНДАУ ӨТЕДІ

**Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошановтың жетекшілігімен өткен жалпы отырыста депутаттар «ҚР Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы» заң жобасы мен оған ілесіп түзетулерді бірінші оқылымда мақұлдады. Кредит беру кезіндегі тәуекелдерді барынша азайту және қарыз алушылардың құқықтарын қорғау туралы заң екінші оқылымда қабылданды.**



Адам саудасына қарсы күрес туралы заң жобасы Мемлекет басшысының тапсырмасымен әзірленді. Ішкі істер министрі Ержан Сәденов оған «адам саудасының құрбаны» сынды жана ұғымдар енгізіліп, халықаралық стандарттарға сәйкестендірілгенін айтты.

Жоба төрт негізгі бағытты қамтиды: серіктестік, профилактика, қудалау және көмек көрсету. Жәбірленушілерге әлеуметтік қызмет көрсету үшін уәкілетті, мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен, коммерциялық емес ұйымдармен серіктестік жүзеге асырылады. Профилактика бағытында адам саудасының қаупін бағалау, алдын алу шаралары және құрбандарға көмек көрсету мақсатымен оларды тиісті органдарға қайта жолдау тәртібі ұсынылған. Қылмыстық қудалау аясында адам саудасының барлық нысанына жауапкершілік қарастыратын заңнамаға анықтамалық норма енгізіледі.

— Жобадан адам саудасы құрбандарының барлық қолжетімді құқығы қарастырылған. Оларды бір заң аясына біріктіру осы зұлымдықпен күресу процесін жеңілдетеді. Құрбандардың «азаматтық» мәртебесіне қарамастан қылмыс анықталған сәттен бастап олардың «құрбан» жағдайынан шыққанға дейін жұмыс істеу алгоритмін реттейді. Сонымен қатар «ықтимал құрбандарға» көмек көрсетудің құқықтық негіздері қаралады. Көмелетке толмағандардың құқықтарын қорғауға жеке тарау арналған, — деді Ержан Сәденов.

Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі Марат Башимов қосымша баяндамасында ілесіп түзетулерде жана туған нәрсені тастап кету фактісі туралы хабарламаған медициналық ұйымдар мен жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың лауазымды тұлғаларына жауапкершілік қарастырылғанын айтты.

— Сонымен қатар адам саудасының ықтимал құрбандарымен және көмелетке толмағандармен еңбек шартын жасамағандарды әкімшілік жауапкершілікке тарту маңызды. Интернет арқылы сексуалдық қызметтерді ұйымдастырғаны үшін қылмыстық жауапкершілік енгізіледі. Азаматтарды заңсыз қанауға тартудың кеңейтілген тәсілдерімен адам саудасының анықтамасы кеңейтіледі. Бұл құқық қорғау органдарына аталған барлық жағдай бойынша қылмыстық іс қозғауға мүмкіндік береді, — деді М.Башимов.

Талқылау нәтижесінде депутаттар заң жобаларын бірінші оқылымда мақұлдау туралы шешім қабылдады.

Сондай-ақ Мәжіліс кредит беру кезіндегі тәуекелдерді барынша азайту, қарыз алушылардың құқықтарын қорғау, қаржы нарығын реттеу және атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша депутаттардың бастамасымен әзірленген заңды екінші оқылымда қабылдады. Жұмыс тобының жетекшісі Берік Бейсенғалиевтің айтуынша, құжатпен жұмыс барысында депутаттар бірінші оқылымнан кейін оған қосымша нормалар енгізген.

— Олар несиелер мен микрокредиттер бойынша жылдық тиімді пайыздық мөлшерлеменің шекті көлемін анықтау, 2026 жылға дейін азаматтардың банктегі несиелері және микрокредиттер бойынша қарыздарын коллекторлық агенттіктерге сатуға мораторий енгізу, жалақыға дейін деп берілетін шағын несиелерді реттеудің ерекше режимін алып тастауға қатысты. Банк оңбұдменіне тек банктік несиелер бойынша дауларды қарау өкілеттігі беріледі. Сонымен бірге микрокредиттер бойынша дауларды қарау құзыретін беретін микроқаржы оңбұдмені институты енгізіледі, — деді Б.Бейсенғалиев.

Бұған қоса, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар тұратын отбасылардың жылу беру маусымында жалғыз тұрғын үйінен шығаруға тыйым салу ұсынылды. Банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға жұбайының келісімінсіз жеке тұлғаға банктік қарыз беруге тыйым салынады. Әскери қызметшілерге мерзімді әскери қызметті өткерудің барлық мерзіміне банктік қарыз немесе микрокредит бойынша төлемдерді кейінге қалдыру процесі автоматтандырылды.

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошанов бұл заң азаматтардың қаржылық мәселелеріне қатысты арыз-шағымдарына жауап болғанын атап өтті.

— Осы заңда қарастырылған жаңа нормалар қазақстандықтардың қарызға бауының алдын алуға жағдай жасайды. Сонымен қоса, тұтынушыларды коллекторлардың дөрекі іс-әрекеттерінен қорғайды. Жалпы алғанда, қабылданған заң халық арасында қарыз көлемінің едәуір азаюына септігін тигізеді. Азаматтарымыздың әлеуметтік жағдайын жақсартып, оларға қаржылық еркіндік пен сенімділік береді, — деді Палата Төрағасы.

Бұдан бөлек, депутаттар 1993 жылғы 14 қаңтардағы Қазақстан мен Қытай арасындағы Азаматтық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялады.

Әділет министрі Азамат Есқараев түзетулер Қазақстан аумағында шетелдік соттардың шешімдері мен өтініштерін орындау саласында құқықтық көмек көрсету жөніндегі сот органдарының функцияларын нақтылайтынын айтты. Бұл Қазақстан және Қытай азаматтары мен заңды тұлғаларының мүдделерін қорғау мәселелерін жедел шешуге ықпал етеді.

Мәжіліс «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР заңының жекелеген баптарына Сенат енгізген түзетулермен келісті.

Әлеуметтік-мәдени даму комитеті ойын бизнесі, лотереялар және лотерея қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасы мен оған ілесіп түзетулерді жұмысқа алды.

Сондай-ақ мәжілісмендер өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша жауапты мемлекеттік органдарға 14 депутаттық сауал жолдады.

Мәжілісмен Абзал Құспан Үкімет басшысы О.Бектеновтің атына жолдаған депутаттық сауалында Атырауда өткен Ұлттық құрылтайда ұлт өміріне қатысты көптеген маңызды мәселелермен қатар, елдігіміздің айшықты белгісі — Елтаңба мәселесінің де көтерілуіне тоқталды.

— Президенттің Елтаңбаны қоғаммен талқылау туралы бастамасын қолдай отырып, оны тарихи сабақтастықты, заман сұранысын ескеріп, жетілдіру жайын ойластырған жөн деп санаймыз. Бұл ұсыныс қоғамның қызығушылығын туғызып, қызу талқылануда. Олардың бір тобы қолданыстағы гербті осы қалпында қалдырайық десе, енді бірі заман талабына сай өзгертпейік дейді. Бұл — заңды әрі оң құбылыс. Азаматтық қоғамның белсенділігі мен жетілгенінің көрінісі. Бұл маңызды істі осыған жауапты мемлекеттік органдардың қолға алып, көпшілікпен, тиісті мамандармен, қолданыстағы герб авторымен жан-жақты талқылау ұйымдастыруын ұсынамын», — деді депутат.

Ал «AMANAT» партиясы фракциясының атынан Премьер-Министрдің орынбасары Т.Дүйсеноваға депутаттық сауал жолдаған Еділ Жанбыршин Ұлттық құрылтайда Президент ұсынысымен айтылған II Дүниежүзілік соғысқа қатысқан майдангерлердің ерлігін дәріптеу міндетіне тоқталды. Мемлекет басшысы бастама көтерген атыңызға айналған қаһармандарымыз Бауыржан Момышұлы, Рақымжан Қошкарбаев, Сағадат Нұрмағамбетовтің есімдерімен аталатын арнайы ордендер тағайындау жайында айтқан депутат үкіметке бірқатар ұсыныс жолдады.

— Біріншіден, майдангерлеріміздің атын мәңгі есте сақтау шаралары қолға алынсын. Екіншіден, Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүйелі түрде жүргізуді қайта жаңғыртып, майдангерлердің деректері цифрландырылған арнайы Ұлттық порталды жасауы қажет. Үшіншіден, бұл жұмыстарға көпжылдық тәжірибесі бар қоғамдық ұйымдарды тартып, аталған жобаларға барлық көзден қаржыландыру қарастырылуға тиіс. Егер осы мәселелерді тыңғылықты іске асырсақ, адам перзенттік парызымызды орындап, тарихи әділдікті қалпына келтіреміз, — деді ол.

Жалпы отырыс соңында Мәжіліс Спикері Ерлан Қошанов Ұлттық құрылтайда айтылған мәселелер бойынша парламенттік тыңдау ететінін мәлімдеді.

— Мемлекет басшысы еліміздің рухани-идеологиялық, халықтың тұрмысын жақсартуға бағытталған әлеуметтік-экономикалық бағдарларын айқындап берді. Президенттің көтерген келелі мәселелері мен сөйлеген сөзін бағдарламалық құжат ретінде қабылдауға болады. Қасым-Жомарт Кемелұлы өзекті проблемаларға тоқталып, оларды шешудің стратегиялық және шұғыл тәсілдерін атап көрсетті. Депутаттарға бірқатар міндет жүктелді. Біз енді соларды орындауға жедел кірісуіміз керек, — деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс Төрағасы Президент Құрылтайда сөйлеген сөзінде жастар мен қоғам белсенділерінің қолданыстағы Елтаңбаға қатысты ұсынысына өз пікірін білдіргенін атап өтті. Ол Елтаңба мәселесін ашық талқылап, ортақ, байыпты шешімге келуге шақырды. Мемлекеттік символиканың зерттеп жүрген геральдика саласының кәсіпқой мамандарының ұсыныстары жете талқылануы қажет.

— Біздің Герб санғасырлық тарихымызды таңбалайтын, мемлекетіміздің айбынын асыратын, халқымыздың асқақ рухын айшықтайтын негізгі символ болуы керек. Ең бастысы, еліміздің болашаққа ұмтылысын бейнелейтін бірегей атрибутикасына айналуы тиіс. Бұл, әрине, қоғам мен арнаулы комиссияның құзыретіндегі мәселе, — деді Е.Қошанов.

Сондай-ақ Спикер Президент депутаттардың бастамасымен әзірленген лудоманияға қарсы күрес жөніндегі заң жобасын осы сессияның соңына дейін қабылдауды тапсырғанын атап өтті. Есірткіні өндіру ментарату, вандализм және тағы басқа проблемалардың шешімі заңнамалық деңгейде реттеуді талап етеді. Археология, мемлекеттік рәміздер және мемлекеттік наградалар саласындағы заңнаманы жетілдіру қажет.

— Ұлттық құрылтайда көтерілген маңызды мәселелер жөнінде парламенттік тыңдау өткізуіміз қажет деп санаймын. Себебі келелі жиында айтылған нақты ұсыныстарды орындау бойынша мақсат-міндеттерімізді бірге айқындауымыз керек, — деді Е.Қошанов.

Ұлағат БЕКБОЛАТ





Қазақ халқының материалдық емес рухани мұрасы үлкен екі саладан тұрады. Біріншісі – материалдық емес мәдени мұра, екіншісі – материалдық (заттық) мәдени құндылықтар. Материалдық құндылықтар бойынша Үкіметтің арнайы қаулысымен тарихи-мәдени ескерткіштердің жұмысы жүйелі жүргізілуде. Ал материалдық емес рухани мұралардың халі мәз емес.



Рамир ФАХРУТДИНОВ (Фотос)

Нұрлан ҚОСАЙ

**ТАМЫРДАН ҮЗГЕН КЕСЕЛ КӨП**  
Материалдық емес мәдени мұра дегеніміз не? Бұл — әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ұлттық тәлім-тәрбие, теміршілік-ұсталық, садақшылық, құдық шегендеуші, құсбегілік, аңшылық, ән, күй, жыр, қисса, бата, жоктау, сынсу, жарапазан, жұмбақ, жаңылтпаш, ұлттық мейрамдар сынды және тағы басқа ұлттық байлығымыз. Ресми түрде мұндай 87 элемент бар. Бір сөзбен айтқанда, материалдық емес құндылықтар — ұлттың имунитеті. Көзбен көруге, қолмен ұстауға келмейтін, бірақ жаныңмен сезінетін осы құндылықтар болмаса ұлттың жаны жалаңаштанады. Құндылықтан айырылған ұрпақ рухани азып, ұлттық сана әлсірейді.

«Бүгінгі біржыныстылық, педофилия, зорлық-зомбылық, әке-шешені сыйламау, туыстық қатынастың үзілуі, отбасылық құндылықтардың әлсіреуі сияқты теріс ұғымдар аспаннан түскен жоқ. Бұлар — материалдық емес рухани мұрадан тамыр үзген ұрпақтың бойындағы кеселдер. Бай тарихқа ие, заманауи рухани потенциалы зор ел бола отырып, осындай келенсіздікке бой алдырғанымыз өкінішті-ақ. 2003 жылғы 17 қазанда Парижде жасалған «Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы» Конвенцияны Қазақстан 2011 жылы 1 маусымда №613 қаулысымен ратификациялап, Үкіметтің 2013 жылғы 29 сәуірдегі №408 қаулысымен материалдық емес мәдени мұраны қорғау және дамыту жөніндегі Тұжырымдама қабылдаған еді. Алайда бұл Тұжырымдама қабылданған күйі қазат бегінде қалды. Материалдық емес мәдени мұраны анықтау, құжаттау, зерттеу, сақтау, жаңғырту, материалдық емес мұрамен

айналысатын тұлғаларды қолдау секілді міндеттердің бірі де орындалған жоқ», — дейді «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі, депутат Жанарбек Әшімжан МАМ-ға жолдаған сауалында.

Депутаттың айтуынша, 2003 жылғы Париж Конвенциясына сәйкес Қазақстан ЮНЕСКО-ға Материалдық емес мәдени мұраны қорғау және зерттеу туралы бес жыл сайын есеп беруге міндетті екен. Бірақ жасалмаған жұмыстардың есебі қалай жасалып жатқаны беймәлім. Осы орайда тиісті мемлекеттік органдар жеделдетіп мына мәселелерді жүзеге асыруға тиіс дейді ол. Мәселен, 2003 жылғы Конвенцияны толық іске асыру үшін «Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы» заң жобасы жедел әзірленуі керек. Материалдық емес мәдени мұра элементтері мен оларды сақтаушы мұрагерлердің аймақтық және республикалық тізімі жасалуға тиіс. Осы дүниелерді жинау, қорғау, зерттеумен айналысатын арнайы ғылыми-зерттеу институты немесе орталық ашу қажет, ол үшін өңірлерде кешенді этнографиялық-фольклорлық және музыкалық экспедициялар дәстүрлі түрде ұйымдастырылу керек. Жетекші арналарда Материалдық емес мәдени мұраны насихаттауға арналған бағдарламалар ашылуы қажет.

**МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС МӘДЕНИ МҰРА ОРТАЛЫҒЫ ҚАШАН АШЫЛАДЫ?**  
Материалдық емес мәдени мұра бойынша ештеңе жасалмай жатыр деуден аулақпыз. Конвенция ратификацияланғаннан бері түрлі деңгейде іс-шаралар атқарылуда. Мәселен, ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі үкіметаралық Комитеті құрылған, ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссия жанындағы Материалдық емес мәдени мұраны қорғау

# РУХАНИ МҰРА — ҰЛТТЫҢ ИММУНИТЕТІ

жөніндегі Ұлттық комитет жұмыс істеп тұр. 2014 жылдан бері мұраларымыз Конвенцияның тізбесіне енгізіліп келеді. Мәселен, сол жылы домбырада ойнау мен киіз үй тігу дағдылары енген болса, одан кейінгі жылдарда айтыс, наурыз, қазақша күрес, асық ату, Қорқыт ата мұрасы және тағы басқалары кіргізілді. Айталық, 2022 жылы бұл тізімді ортеке, қазақтың қуыршақ билету музыкасы мен өнері, Қожанасырдың әзіл әңгімелері толықтырған. 2021 жылы Ұлттық комитет Азия-Тынық мұхиты өңірі (АТМӨ) елдерінің материалдық емес мәдени мұрасы бойынша ақпарат алмасу және тарату мақсатында құрылған ichLinks халықаралық цифрлық платформасы жобасының серіктес ұйымына айналды. Ich-links.com платформасы — материалдық емес мәдени мұраның мыңнан астам элементтері туралы ақпаратты қамтитын және адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасын сақтау саласындағы ірі ғылыми-зерттеу институттары жариялаған кітаптарды, бейне және аудио материалдарды, сараптамалық ақпаратты қосымша зерттеуге мүмкіндік беретін үлкен қор. Жоба Корея Республикасы үкіметінің қаржылық қолдауымен ЮНЕСКО-ның АТМӨ елдеріндегі МЕММ туралы ақпарат алмасу орталығының (ICHCAP) базасында іске асырылған. Ал 2019 жылы Алматыда Орталық Азия елдерінің материалдық емес құндылықтарын насихаттауға арналған өңіраралық кездесу өтіп, онда осы мұраларды мектеп және жоғары оқу орындарының академиялық бағдарламаларына енгізу туралы айтылды. Бұл шара ЮНЕСКО мен Азия — Тынық мұхиты аймағындағы елдердің материалдық емес мәдени құндылықтарын зерттейтін Халықаралық-ақпараттық орталығының қолдауымен өтті. Келесі іс-шараның бірі — Материалдық емес мәдени мұра орталығын ашу туралы ұсыныс. Негізі, мұндай орталық былтыр ашылуға тиіс болатын. Бірақ әлі күнге аяқсыз қалып отыр. Бұл туралы сол кездегі Мәдениет және спорт вице-министрі Ержан Еркінбаев былай деген болатын: «Министрлік мәдени мұраны сақтау, жандандыру мен танымал етуге көп көңіл бөледі. «Мәдениет туралы» заңның 32-бабына сәйкес, көне және бірегей музыкалық аспаптар материалдық мәдени құндылықтарға, орындаушылық өнерлер материалдық емес мәдени құндылықтарға жатқызылудың негізінде тиісті іс-шаралар атқарылуда. Бұл ретте қазақтың дәстүрлі күй өнері ЮНЕСКО-ның Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативті тізіміне енгізілді. Қазақтың ұлттық музыкалық аспаптары мен ойнау өнері (қобыз, жетіген, сыбызғы,



шаңқобыз), қазақтың дәстүрлі ән өнері Қазақстан Республикасының материалдық емес мәдени мұрасының ұлттық тізіміне енгізілді. Осы орайда 2023 жылы Материалдық емес мәдени мұра орталығын ашу ұсынысы әзірленіп жатыр. Бұл орталық домбыра теориясын зерттеу мен практикасымен айналысатын болады».

Бүгінде бұл бастаманың қандай дәрежеде екені белгісіз. Министрліктен алдағы уақытта жауап күтеміз. Десе де, депутаттық сауал осы тақырыпқа қозғау салуды деген ойдамыз. Өйткені ұлттық құндылықтар мемлекет деңгейінде қорғалып, дәріптелуге тиіс. Бұл жұмыстардың баяу жүріп жатқаны қынжылтады. Мәселен, Конвенция 2003 жылы қабылданса да, нақты жұмыстар тек ол ратификацияланған 2011 жылдан басталған. Мұның барлығы ұлттық мүдденің осы уақытқа дейін екінші кезекте қарастырылып келгенін білдіреді. Соның кесірінен, қымызымызды неміс патенттеп алса, көкпарымызды қырғыз, тобетімізді түрікмен иемденіп алды. Шұбатқа өзбектер көз тігіп отыр. Тіпті, мұның астарында қазақты ұлттық құндылықтарынан ажыратып, басыбайлы дінге бет бұрғызу қажет деген китүрқы саясат жатқан секілді. Күні кеше Президент айтқан «неофиттердің шабуылдары» — осының айғағы. Ендеше, енді кешігуге болмайды.

«Әлемде 150 ел халықаралық Конвенцияны ратификациялап, материалдық емес мәдени мұраны қорғауға міндеттеме алған. Бұл қатарда Қазақстан да бар. Париж Конвенциясына мүше елдер оған қатысты арнайы заң қабылдаған. Алысқа бармай-ақ, іргеміздегі Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан, тіпті Ресейдің

өзі материалдық емес көне мұраларын заңмен бекітіп, бүкіл өңірлерде жыл сайын экспедициялар ұйымдастырып, төл өнерді ұстанушылар туралы мәліметтерді жинап, сақтап, мемлекеттің байлығы ретінде қорғап отыр. Қырғыздар «Манас туралы» жеке заң, рухани құндылықтарды қорғау туралы жеке заң қабылдады. Тіпті, адамзаттың МЕММ репрезентативтік тізбесіне қырғыздың үш теңдессіз туындысы енгізілді. Әлемде материалдық емес мәдени мұраны қорғау және дамыту бағытында Латын Америкасы елдері, Азияда Корея, Жапония бастаған елдер оқ бойы озық тұр. Ал бізде заң түгіл сынық сүйем құжат жоқ. Материалдық емес рухани мұраны сақтаушыларды тізімге алу, сақтау, қорғау жұмысы мемлекеттік саясат ретінде ешқашан республика түгін өңірлерде жүргізілмеген. Өз бетінше ізденіп, жаңау-жалпылы экспедиция жасап жүрген санауды ғана жанкештілер бар», — дейді депутат Жанарбек Әшімжан.

Расында да, бүгінгі күннің шындығы осы — материалдық емес мәдени мұраны сақтаушы елімізде жекелеген адамдар болып қалып отыр. Бұл егер рухани мұраны ұстап отырған адам өмірден өтсе, мұра да бірге өледі деген сөз. Бүгінде ел аумағында ондай кісілер күн санап азаюда. Олармен бірге құндылықтар да жойылуда. Төл құндылықтардың атадан балаға жалғастығы үзіліп, дәстүр сабақтастығы құрдымға кетіп барады. Сондықтан да ендігі жерде ұлтаралық алауыздық тудыралы деп имене бермей, ұлттық имунитетті нығайта түсу қажет. Оның батыл қадамы осы Наурыз онкүндігінен басталса игі.

## Шетелде ұлық мейрам қалай тойланады?

**Наурыз — түркі халықтарының әріден келе жатқан көне мейрамы. Атаулы мереке — ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін күн. Мұхит асып қазақы болмысымызды шетелде айшықтап жүрген азаматтар аз емес. Қазір жұмыс бабымен, білім көкжиегін кеңейту мақсатында өзге елдің топырағын басып жүрген қазақтар қаншама? Ішінде Ұлыстың ұлы күнін айрықша тойлап жатқандары да баршылық. Түрлі себептермен әлемнің әр түкпірінде жүрген қазақтардан Ұлттық мейрамды қалай өткізіп жатқаны жайында сұрап едік.**

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Еліміздің белгілі әнші-композиторы Марат Омаров қазір отбасымен Лос-Анджелесте тұрып жатыр. Биыл екінші рет Наурыз мерекесін осы қалада тойламақ. Былтыр Чикаго, Бостон, Вашингтон қалаларында өткізілген Наурыз мерекесіне қатысып, Дүісенбек Қанатбаевтың сөзіне жазылған «Наурыз-көктем» әнін шығарған. Биыл шығармашылық интеллегенция өкілдеріне арналған Наурыз мейрамын ұйымдастырып, оның шымылдығын осы әнімен ашалай.

«23 наурызда осындағы кинорежиссер, әншілер, отандастарымызды жинап Наурыз тойын өткіземіз. Мереке кинорежиссер Еркен Ялғашевтің түсірілім алаңында өтеді. Күндіз келген қонақтарға наурыз көже таратамыз. Былтыр наурыз көже таратқанда жергілікті тұрғындар тегін бе таңғалған, әнімізге қызыққан. Биыл да бізден осыны күтіп жүр. Қазір өзім киноиндустрия саласында жүргендіктен, осындағы достарым мен әріптестерім, қызым оқып жатқан Нью-Йорк Кино академиясының өкілдері Наурыздың қалай тойланатынына қызығып отыр. Атаулы мерекені тойлауға дайындық қызу жүріп жатыр, «Наурыз-көктем» әніне флэшмоб дайындап жатырмыз», — деді композитор. Айтуынша, мерекелік концертте домбыра, жетіген аспаптарының тарихы түсіндіріліп, күй шықалады, соқыр теке мен арқан тартыс ойындары өтеді. Ойынға келген өзге ұлт өкілдерінің өзі де қатыса алады. Барлығы ұлттық киімде жүретіндіктен, арасынан ең үздік киім кигендерге арнайы сыйлықтар беру жоспарланып отыр. Сондай-ақ Моңғолиядан келген қазақ колөнер шеберлері өздерінің туындыларын көрме қояды. Композитордың жұбайы Перизат



Балғабаева ұйымдастырылған шарадан бөлек, отбасылары да мейрамды ерекше өткізетінімен бөлісті. Қазір елімізде ұлттық киімдерді киіп жүру сәнге айналып келе жатыр. Ал Перизат Балғабаева бүгінге дейін үстінен ұлттық киімдерді шешпегенін, оның құнды екенін айтты берді.

«Ұлттық киімдеріміздің қадірін қашыр-мауымыз керек. Қайда барсақ та міндетті түрде ұлттық үлгіде тігілген киіммен жүреміз. Бұл есіктен кіргеннен жұрт назарын аударады. Ал мейрамға келсек, ол — қазақтың жана жылы. Отбасымызда мынадай қалыптасқан дәстүр бар: көршілеріміз — үнділер, америкалықтар. Наурызда пісірген шелпек пен бауырсақтан дәм татсын деп оларға үлестіріп береміз. Бұл — қазаққа тән үрдіс. Олар да біліп қалды, Наурызда қандай тамақ ұсынар екен деп күтетін болды. Осы жақта жүрген әр қазақ Наурыз мерекесін ерекше тойлайды, өйткені әрбірі елін сағынғандықтан мейрамды өткізуге



махаббатпен дайындалады. Бұның алдында Республика күніне орай флэшмоб өткізіп едік, келген әр қазақтың жүзінен еліне деген сағынышы көрініп тұрды. «Шанырақтан дәм татқан бір жолаушының артынан мыңдаған періште келеді» деген бар емес пе?! Қазақтың әр баласына есігіміз ашық, дастарханымыз жаюлы. Үйде күйсандық бар. Келгендерге Мөкен әсем әнін орындап береді. Қайда жүрсек те ата-бабадан қалған қонақжайлылығымызды ұмытқан емеспіз», — дейді П.Балғабаева.

2007 жылдан бері АҚШ-та тұратын Алтынбек Мұратұлы ұлттық құндылықтарымызды Наурыз мейрамында ғана емес, күнделікті өмірде дәріптеп жүруді әдетке айналдырған.

«Қазақтың ұлттық дүниелері үнемі үйімізде дайын тұрады. Шамамыз келгенше ұлттық колөнерді бағалап жүрміз. Түскііз бен текеметтің модерн түрлері үйімізге сан беріп тұрады. Дегенмен Ұлыстың ұлы күнін пайдаланып, 10 жасар қызымыз бен 6 жасар ұлымызға ұмытылып бара жатқан мәдениетімізді, басқа уақытта мән беріле бермейтін ұлттық ойындар мен дәстүрлерімізді қорғап арқылы түсіндіруге тырысамыз. Соңғы екі жылда балаларымыздың достарын қазақы дастарханнан дәм татуға шақыруды, наурызкөже ұсынып, асық



ойнатуды отбасылық әдетке айналдырдық. Мұнымыз тек мереке қарсаңында болмайды. Америкалық балаларға асықпен, сүйекпен ойын ойнау ерекше әсер етеді екен, әбден қызықты», — дейді Алтынбек.

Ұлттық дүниелерімізді күнделікті тұрмыста пайдаланып жүрсе де, Ұлыстың ұлы күнін атап өтеді екен. Айтуынша, мерекені тойлау үш күнге дейін жалғасады. Бірінші күні балалардың, кейін өздерінің достары үшін ұлттық тағамнан мерекелік дастархан жайылады.

«Жұбайым ұлттық нақыштағы ою-өрнектерді заманауи тұрғыда пайдалануды дәріптеумен айналысып жүр, жүздеген жылдық тарихы бар текемет, әшекейлердің жинағын жасайды. Былтыр Наурыз мейрамы қарсаңында америкалықтарға қазақтың көне 100-150 жыл бұрын тігілген текемет пен әшекей бұйымдардың коллекциясы жинақталған кітабын дайындаған еді. Америкалықтар өзге ұлттың салт-дәстүріне, колөнеріне қызығатын халық қой. Соған байланысты ұлттық колөнерімізді заманауи үлгіде қалай пайдалануға болатынын көрсетіп жүрміз. Америкалық көршілеріміз осындай дүниелерге өте қатты қызыға қарап жүр», — деді ұлттық құндылығымызды Бостонда дәріптеп жүрген А. Мұратұлы.

Ал «Болашақ» бағдарламасының стипендиаты Жанар Тұрлыбекқызы алғаш рет Наурыз мейрамын шетелде тойлап жатыр. Рединг университеті Ұлыстың ұлы күнін қалай өткізіп жатқанын өзінен сұрадық. Айтуынша, атаулы мерекеге өзге ұлт өкілдері де, түркі халықтары да белсене атсалысыпты.

«Тағылымдамадан өтетін уақытымыз 2024 жылы қазақтың жана жылына түспа-түс келіп, Ұлыбританияның Рединг университетінде

оқуымыз басталып кетті. Уақыт жақындаған сайын жан-жақтан мерекелік шаралар ұйымдастырылып, өзге ұлттардың атсалысып жүргенін байқадық. Сол өзге ұлттармен байланысқа шығып, біз де өз дайындығымызды бастадық. Ұлттық тағамдарымызды іздеп, ұлттық киімдерімізді дайындап, ұлттық салт-дәстүрімізден көріністер көрсетуді жоспарлай бастадық. 19 наурызда Рединг университетінде білім алып жатқан қазақ, өзбек, түркімен азаматтарымен бірлесе кешімізді көңілді өткіздік. Кеште ұлттық тағамдар, ұлттық әшекейлер мен жәдігерлерден кішігірім көрме жасап, өзге жерде жүріп өз тілімізде ән шырықп, қазақ тілінде айтылған әнге би билеп ғажап әсермен үйге қайттық. Өз Наурыздың арқасында ағылшын елінде жүргенімізді бір сәтке ұмытып кеттік. Жалпы, қазағымыздың қайда жүрсе де өз дәстүрін ұмытпай дәріптеп жүретіні көкейіміздегі патриоттық сезімізді оятады екен», — деді Ж.Тұрлыбекқызы.

Ұлттық арнаын Вирджиния штатындағы тілшісі Жалғас Сәдібекұлымен байланысқа шыққанымызда, қазір АҚШ-та Наурызды тойлайтын халықтың көп екенін және кейбір штатта мейрамның өткізілу күніне өзгерістер енгенін айтты.

«10 жылдан бері Наурыз фестивалі өткізіледі. Негізінен, оны ұйымдастыратын — парсылар. Бұл фестивалге біз де қатыстық, «Гүлдер» тобы қазақтың биін билеп өнер көрсеткен. Ер штатта қазақтардың өзінің ұйымдары бар. Жыл сайын Виргиния, Мэриленд, Вашингтон штаттары қосылып Наурыз тойлайды. Бірақ биыл Рамазан айымен түспа-түс келгендіктен, мерекені қасиетті айдан кейін өткізу жоспарланып отыр. Сондықтан мейрамға анағұрлым дайындалып жатқан ешкім жоқ. Ал Канаданың Торонто қаласында 23 наурызда өтетін болады. Шетте жүрген қазақтар не дегенмен өзінің елін, жерін сағынады, сондықтан мүмкіндігінше ұлттық киімдерін киіп, ұлттық тағамдарын істеп өзінің ұлттық бірегейлігін көрсетуге тырысады. Шынымыды айтсам, мерекені тойлау үшін ұйымдастырылған шараға бармасақ, отбасында дастархан жайып, қонақ күту деген жоспарда жоқ. Бірақ бір-бірінің үйіне барған қазақтар міндетті түрде наурыз көже ұсынады», — дейді ол.

Қайда жүрсе де ұлттық құндылықтарымызды жаңғыртып жүретін қазақ азаматтары барда руханиятымыз мәңгі жасары сөзсіз.



Елдос СЕНБАЙ

(Басы 1-бетте)

Айтылған ұсыныстарды ескере отырып, Наурыз мейрамын мерекелеудің жаңа тұжырымдамасының жобасы әзірленді. Кейінгі жылдары сарапшылар, ғалымдар мен этнографтар Наурызды мерекелеудің сахналық, фольклорлық сипаты үстем болып кеткенін сынға алып жүрген еді. Әзірлеушілер соны ескеріп, мереке мазмұнын жаңа басымдықтарымен толықтыруға тырысты.

#### ОНКҮНДІКТІҢ ОҢДЫ ТҰСТАРЫ КӨП

Әйткенмен, Ұлыстың ұлы күніндегі бүкілхалықтық думанды бірегейлікке, бір қалыпқа келтіру міндет-мақсаты қалған екен.

2024 жылғы 3 қаңтарда «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатында Президент Қ.Тоқаев өз-Наурызды бірінғай, бірегей мерекелеу бастамасына оралды.

— Өз Наурыз — тіршілікті түлете келетін нағыз табиғи жыл басы. Наурыз — жанару мен жаңғырудың символы. Сондықтан төл мерекеміздің мазмұнын байытып, оны барынша ерекшелеп, жаңаша атап өтуіміз керек. Бұл қадам қоғамды ұйыстырып, ұлттық бірегейлігімізді айшықтап, ел бірлігін нығайта түсуге ықпал етеді деп сенемін, — деді Мемлекет басшысы.

Осылайша, биылдан бастап Қазақстанда Наурыз мерекесі жаңа форматта өткізіліп жатыр. Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитеті төрағасының орынбасары Сәбит Барлыбаевтың айтуынша, енді жыл сайын 14-23 наурыз аралығында өткізілетін Наурыззнама онкүндігі жария-



Рәшир ФАХРУТДИНОВ (фото)

# Төле наурыз құндылықтары төрге шықты



ланды. Наурыздың бірегей логотипі бекітіліп, еліміздің барлық аймағына жіберілді.

Комитет басшысы тарихта Наурызды тойлау 8-9 күнге жалғасқанын, оны «Наурыззнама» деп атағанын жеткізді. Бұл туралы деректер ұлы философ-жазушыларымыз Махмұд Қашғаридің, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының, Абай Құнанбайұлының, Мұхтар Әуезовтің еңбектерінде жазылған екен.

Жаңа тұжырымдама көп жағдайда 2020 жылғысына ұқсайды. 14 наурыз — Көрісу күні, Амал мерекесі деп аталды. Бұған дейін негізінен, батыс өңірлерінде сақталған дәстүрді барлық аймақта тойлау ұсынылды.

«15 наурыз — Қайырымдылық күні ретінде белгіленді. Бұл күнді ел бойынша қайырымдылыққа, мейірім мен тату көршілікке арнаймыз. Қоғамға қайырымдылық көрсету мәдениетін сіңіріп, жанашырлық пен өзара қолұшын беру құндылықтарын қалыптастыруымыз қажет. 16 наурыз — Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні болып белгіленді. Бұл күн мәдениетімізді, өнеріміз бен ұлттық құндылықтарымызды насихаттауға арналып, республика бойынша түрлі іс-шаралар өткізіледі», — деді С.Барлыбаев.

17 наурыз биыл Шаңырақ күні тақырыбымен атап өтілді. Осы күні отбасылық құндылықтарды дәріптеуге, өнегелі

ұрпақ тәрбиелеген үлгілі отбасыларға арналған мәдени іс-шаралар өткізілді. 18 наурыз күні Ұлттық киімдерге арналды. Қазақстанның барлық өңірінде ұлттық киімдерді насихаттауға бағытталған түрлі іс-шара ұйымдастырылды. Кей өңірде тіпті полицейлерге дейін көшеге дәстүрлі формасының орнына ұлттық киім киіп шықты.

19 наурыз — Жанару күні. Осы күні көктемгі ағаш егу дәстүрін жалғастыру ұсынылды. 20 наурыз Ұлттық спорт түрлеріне арналды. Бұл күні елдің барлық аймақтарында ұлттық спорттан түрлі жарыстар ұйымдастырылды. Ел ішінде өткізілетін ат жарыстар — бөйге, көкпар, аударыспақ, жамбы ату, теңге ілу, құсбегілік және асық ату, тоғызқұмалақ, садақ тарту турнирлері қарапайым халықтың шынайы мереке салтанатын сезінуіне мүмкіндік берсе керек.

Бүгінгі 21 наурыз «Ынтымақ күні» болып жарияланды. Оның басты мақсаты — жалпы халық арасында бір-біріне деген сый-құрметті арттырып, татулық пен бірлікті насихаттау.

22 наурыз — Жыл басы болады. Бұл күні еліміздің барлық өңірінде жалпы-халықтық мәдени-спорттық іс-шаралар өткізіліп, ұлттық стильдегі этноауылдар, түрлі жәрменке ұйымдастырылады. 14-23 наурыз аралығында Наурыз — базарлық маусымы жарияланады. Бұл күндері сауда орындарында жаппай сатылымдар өтеді.

Ал Наурызнаманың қорытынды күніне — 23 наурызға «Тазару күні» деген атау беріліп отыр. Бұл күні Қазақстанның барлық аймағында жалпыұлттық эколо-

гиялық акция, сенбіліктер ұйымдастырылады.

Мұның сыртында Мәдениет және ақпарат министрлігі Наурыз мерекесін тойлауға арналған жалпы республикалық жоспар әзірледі. Құжатта барлық форматтағы іс-шаралар қамтылған. Жалпы, биыл республика бойынша 10 мыңнан астам іс-шара өткізілмек.

#### НАУРЫЗНАМА МӘНІ КАЙТСЕ ТӨЛІҒАДЫ?

Әлеуметтанушы Әнуар Нұрғазин өз Наурыздың ұлттық, халықтық мейрам екенін еске салды.

«Оның аясында ұжымдарды ұлттық тағам түрлерін әзірлеп, дастархан жайғызу, волонтерлік жасау, сенбілікке шығу сияқты шараларды ұйымдастыруға міндеттеу мерекені ауырлатады, оның сипатын ресмилендіреді. Мен быттыр Наурызды Әзербайжанда өткіздім, олар Наурызды бір апта тойлайды. Бірақ барлық шара халықтың дәстүріне, салт-санасы мен қоралғыларына құрылған. Міндеттеу, мемлекеттік органдардың жоғарыдан тапсырма түсіруі деген жок, барлығы шынайы, ұлттық ғұрыпта, бұқаралық қалыпта, әдемі үйлесіммен өтеді. Ұлттық қолорит сақталғандықтан, әзербайжан елінің Новруз байрамын қалай атап өтетін көруге әлемнің әр түркірінен туристер жиналады», — деді Ә.Нұрғазин.

Әлеуметтанушының пікірінше, біз де бірте-бірте халықтық өз Наурызға оралуымыз керек. Әйтпесе, бұл күні әкімдіктердің әйтеуір бір шара ұйымдастыра-

тынына бой үйретіп алған кейбір қазақстандық: «Үкімет не істейді, аланда тегін палау, тағы бірдене тарата ма?» деп пайдакүнемдік тұрғыдан қарайтыны құпия емес. Сарапшы құлқұқмарлық жүрген жерде құндылықтар жайына қалатынын ескертті.

Мысалы, Наурызды «Новруз», «Султан-ы невруз», «Невруз султан», «Наурыз соны», «Меврис» және басқа да атаулармен атап өтетін Түркия, Иран, Балқан елдері, Әзербайжан, Грузия, Македония, Ауғанстан, Босния мен Герцеговина, Албания және басқа елдер мен этностар бір күнді зират басына барып, бейіттерді ретке келтірумен, аруақтардың рухына тағзым етіп, еске алумен өткізеді. Сонда ағайындар бас қосады.

«Әлі разы болмай, тірі байымайды» дейтін қазақ та қашанда Фәни дүниеден бақиға өткен ата-бабаларының, туыс-туғанының рухын риза етуді міндет, парыз деп түсінген. Белгілі философ Жабайхан Әбділдин Ұлыстың ұлы күні аруақ, ырым, қыдыр, құт сияқты қазақтың дәстүрлі дүниетанымының негізгі ұғымдарымен астасып жатқанын айтады. Ендеше Наурыззнамадан бұл құндылықтың тыс қалмағаны жөн.

Философия ғылымдарының докторы Ғайни Котошева ата-бабамыздың өз-Наурызға неге баса мән беруінің бір сырын ашты: Ұлыстың ұлы күні «қанға қан, жаңға жан» деп келетін кек қайтарушылықты, ру аралық алауыздықты, қантөгісті тоқтатуға ықпал еткен.

Мысалы, Түркияның түрікмендері әлі күнге Султан Невруз мейрамында — 22 наурызда қара кештен ақ таңға ұласатын халықтық думан ұйымдастырады. Осы шалқыған шаттықтың тойына елді мекендегі әрбір адам қатысуы шарт. Бұл кезде барлығы жыл бойы қордаланған бір-біріне деген өкпе-ренішін кешіріп, татуласуға тиіс.

Әгараки, әлдекім көкірегіне кек сақтап, қайырымды болғысы келмесе, қатысудан бас тартса, ауыл тұрғындары онымен араласуын да тиятын көрінеді. Ондай отбасыға ешкім қызын бермейді. Содан қоғамнан сырт, жалғыз-жарым қалмауы үшін әрбір түрікмен Наурыз күні мейірімге бас иогө, жанын жаралағанның бір айыбын кешуге бейім тұрады.

«Ата-бабамыз Наурыздың осы құндылығын биік ұстап, ұлық тұтып, бітістіру институты ретінде орайымен пайдалана білген. Ұлыстың ұлы күні ағайынның құшағы айқара ашылып, ренішін ұмытуға тырысқан. Наурыз туғанда, барлық руаралық, еларалық алауыздық тоқтатылған. Бұл институт қазіргі заман міндеттері мен мүдделеріне сай жаңғыртылғаны жөн. Қазірде қактығыстың неше түрі бар. Біздің ата-бабаларымыз ұлы рухани мұралардың нағыз туындыгерлері болған. Бұл асыл құндылықтар бізге келгенде үзіліп қалмай, ұрпақтан ұрпаққа ұласуы қажет. Сонда ғана ұлтымыз рухани дамып, өркениет әлеміне өркен жаяды. Ата-бабамыздың тарихи тәжірибесін сақтап, жетілдіре білсек, ұлтымыздың тарихи генотипінен көз жазып қаламыз», — деді Ғайни Кенжетайқызы.

Наурыззнама ұлттық дүниетанымынан, тұрмыстың мәнінен, адамгершілік құндылықтарынан тамыр тартып жатыр. Демек, мемлекеттің Наурызнаманы жаңғырту бастамасы құптарлық. Бірақ болашақта пысықтап, кемеліне келтіре түссек, құба-құп.

**Биыл жер-ананың тоңы жібіп, табиғаттың қайта түрленетін сәтімен тұспа-тұс келетін Наурыз мейрамы елімізде өзгеше сипатта өрнек тапты. Барлық аймақта Наурыз мерекесін тойлаудың онкүндік жоспары бекітілгені белгілі. Осы іс-шара жоспары аясында Сыр өңірінде де ауқымды шаралар өткізілді.**

Атап айтқанда, 14 наурыздан бастау алған ұлық мерекеле 2 300 отбасыға қайырымдылық көрсетілді. Тұрғын үй кезегінде тұрған 215 отбасы қоныс тойын тойлады. Осы онкүндікте ұмыт бола бастаған асыл құндылықтарымыз қайта жаңғырып, халық ұлттық нақышта киініп, жаңару мен жасампаздықтың жарқын үлгісін паш етті.

Бұл жылдың тағы бір ерекше жаңалығы — Байқоңыр қаласында да өз-Наурыз мерекесі жоғары деңгейде тойлана бастады. Ресейдің меншігіндегі жұлдызды қалашықта қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдеп-ғұрпы дәріптеліп, ұмыт бола бастаған ұлттық құндылықтарымыз кенінен насихатталуда.



## БАЙҚОҢЫРДА ДУ-ДУМАН

«Биыл Наурыз мерекесі Байқоңырда ерекше нақышта тойлана бастады. Арнайы бекітілген іс-шара жоспары аясында 14 наурыздан басталған мерекелік шара қала халқына ерекше көңіл күй сыйлады. Атап айтқанда, «Көрісу күні — Амал мерекесі» аясында «Наурыз мейрамы» ұғымының

пайда болу тарихы туралы тәрбие сағаттары ұйымдастырылса, қайырымдылық акциялар өткізіліп, мәдениет және ұлттық салт-дәстүріміз қайта жаңғырды, отбасы құндылықтары дәріптелді. Сондай-ақ Ұлттық киім күні тақырыптық челеңг өткізу, мекемелерде ұлттық нақышта киіну басты назарда болды. Мерекелік іс-шара аясында байқоңырлықтар жанаруларын жарқын үлгісін көрсетіп, ағаш егуге атсалысса, ұлттық спортты ұлықтау да назардан тыс қалмады. Ынтымақтастықпен тұрмыс кешіп жатқан қала халқына арнайы бейнеқұттықтаулар ұйымдастырылса, домбыра мен кобызда ойнау, қыш құмыра жасау үрдісі өткізілді. Ең бастысы, жұлдызды қалашықта жыл басын тойлау ерекше сипатқа ие. Бұл күні киіз үйлер тігіліп, ұлттық тағамдар әзірлеумен қатар, ұлттық ойындарымызды ұлықтау да назардан тыс қалмайды. Соның ішінде «Байқоңырдың бауырсақтары»

фестивалі көпшілік тағатысыздана күткен ерекше іс-шара болды», — дейді Президенттің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету бөлімінің бас инспекторы Гүлсара Көшкімбаева.

Жалпы, 1955 жылы іргесі қаланған ғарыш айлағында екі елдің ақша айналымымен қатар, Қазақстан мен Ресей азаматтарының құқықтары келісім-шартта тең дәрежеде бекітілген. Соңғы мәліметке сәйкес, жабық қалашықта 57 мың 441 халық тұрады. Оның ішінде 40 615 адам Қазақстан азаматы болса, 15 507 адам Ресейдің үлесіне тиеді. Ал 1 319 тұрғын өзге мемлекеттің азаматтығына ие.

Соңғы жылдары бұл қалашықта мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде атқарылған жұмыстардың ауқымдылығы байқалады. Бірқатар нысан елімізге қайтарылса,

білім, денсаулық саласындағы қордаланған мәселелер рет-ретімен шешіліп, қазақ тілінің қолданысы аясы кеңейіп түсті. Соның айғағындай, биылғы Наурыз мейрамын ұлттық нақышта атап өтуге ешқандай кедергі жоқ.

«Биыл байқоңырлықтар нағыз Наурыз мейрамын сезіне білді. Ұлттық құндылықтарымызға шөліркеген тұрғындар ерекше көңіл күйге бөленді. Мерекеге орай ұйымдастырылған арнайы онкүндік іс-шаралар аясында ұмыт бола бастаған салт-дәстүр, әдеп-ғұрыптарымыз қайта дәріптеліп, қаламыздан нағыз қазақылықтың лебі есіп тұр. Бұл мереке өскелең ұрпақтың өресін көтеріп, ұлтжанды тұлға болып қалыптасуына жол ашатыны сөзсіз», — деп қуанышпен бөлісті қала тұрғыны Рахымжан Досунбеков.

Осы орайда айта кету керек, ғарыш айлағындағы қалаішілік мерекелік шаралар мұнымен шектелмейді. Ұлық мерекеге



орай, Қызылорда облыстық филармониясы тұңғыш мәрте жабық қалашыққа арнайы барып, өнер көрсететін болады. Мерекелік шашу 23 наурызға белгіленіп отыр.

«23 наурыз күні облыс әкімінің қолдауымен Қызылорда облыстық филармониясының әртістері Байқоңыр қаласына арнайы гастрольлік сапармен барады. Өнерпаздар сол күні ғарышты қалашықта ұйымдастырылғалы отырған үлкен мерекелік концертте өнер көрсетеді. Яғни, осы арқылы Байқоңыр халқына мерекелік көңіл-күй сыйлауды жоспарлап отырмыз», — деді облыстық филармония басшысының шығармашылық жұмыстары жөніндегі орынбасары Әзиза Іздікүл.

Осылайша, көңілдің тоңын жібітетін ұлық мерекені кең көлемде атап өтуге байқоңырлықтар ұйымшылдықпен атсалысып жатыр екен. Байқоңырдағы он күнге созылған мерекелік шараның соңы ұлы тойға ұласады.

Ербакыт ЖАЛҒАСБАЙ,  
Қызылорда облысы







«Қанша ғасыр сен берген даламызға  
Өзгеше бір әні едің байтақ елдің,  
Сәлем, Наурыз! Сен біздің арамызға  
Алпыс екі жылдан соң қайта келдің», – деп «Наурызға ода» атты өлеңінде ақын Мұхтар Шаханов Наурыз мерекесінің кең байтақ қазақ жеріне іле-шала күллі Орталық Азияға 62 жылғы үзілістен соң қайта оралуына осылай жүрегінен жыр төгілтіпті. Ұлыстың ұлы күні деп аталған, түбі бір түркі халықтарына ортақ, күн мен түннің теңеліп, табиғаттың да түр-тіні түрленер бұл мерекенің біздің еліміз үшін де маңызы зор, мәні ерекше. Дегенмен әлі күнге мереке төңірегінде түрлі пікірталас орын алып жататыны жасырын емес. Осы ретте, «Ұлыстың ұлы күнін қалай тойлаймыз?», «Ұлттық идеологиямызға айналдыра аламыз ба?», «Жаңа заманға сай қалай жаңғыртамыз?» деген сияқты көптең көкейіндегі сауалдардың жауабын білу мақсатында тарихшы, этнограф Жамбыл Артықбаев пен мәдениеттанушы Бердалы Оспанды әңгімеге тарттық.



Рәхшар ФАХРУТДИНОВ (фотосы)

ТІЛШІ: Әңгімемізді Наурыздың маңызы мен мәнін айтпастан бұрын мерекенің шығу тарихынан бастасaq. Бұл мереке қашаннан бері тойланып келеді?



**Жамбыл АРТЫҚБАЕВ, тарихшы:** Наурыз өте ерте замандарда пайда болғанын жиі айтып келемін. Тарихта неолит деген дәуір бар, оны жаңа тас дәуірі деп те атаймыз, біздің заманымызға дейінгі 7-6 мыңжылдықтарды қамтиды. Наурыз мейрамы сол дәуірде пайда болды деп ойлаймын. Неге десеніз, неолит дәуірінде адамзат өмірінде үлкен өзгерістер болды. Малды қолға үйретті, егіншілік дами бастады. Бұл — адамзат өмірін керемет байытқан, адамның өсуіне, манайындағы жаратылысты тануына мүмкіндік берген революциялық жаңалықтар еді. Әрине, бұл жаңалықтар да онайлықпен келген жоқ, мұны миллион жылдық палеолит дәуіріндегі дамудың нәтижесі деп түсінген абзал. Екіншіден, библиялық, інжіл аңыздарында Наурызды Нұх пайғамбармен байланыстырды. Нұх пайғамдардың заманы — көне заман, оны тарихшылар «топан су заманы» деп айтады. Соңғы топан су біздің заманымызға дейінгі 12-11 мыңжылдықтарда болған деп айтылады. Жаңағы айтқан неолит дәуіріне бұл да сәйкес келіп тұр. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Нұктың әңгімесін баяндай келе, «Кеме Қазығұрттың басына тоқтаған күн қасиетті Мұхарам айының оны екен, жұлдыз есебінен санағанда күннің Хамалдың бірінші уәжібіне кірген күні» дейді. Арабтың календары ай есебіне негізделгеннен кейін ылғи да өзгеріп отырады, дегенмен Мұхарам айы оларда қасиетті ай, жылдың басы деп құрметке ие, ал жұлдыз есебімен санасак, Хамап қазір Токты аталады және мартқа сәйкеседі. Осы себепті қазақ жерінің батыс аймақтарында Наурызды «Амал мерекесі» деп те атайды. «Амал» дегені «Ханалдан» шығады. Еуразия халықтарының көпшілігінде жаңа санат (григориан) календары кіргенге дейін жыл басы Наурыз болды. Қалай болғанда да Нұх пайғамбардың кемесі тура наурызда Қазығұртқа тоқтаған болып отыр. Осыдан кейін топан су қай заманда болған деген сұрақ туындауы заңды, қазіргі кешенді ғылыми-зерттеулер жер бетінде соңғы топан судың біздің жыл санауымызға дейінгі 12-13 мың жыл бұрын болғанын айтады. Наурыздың тарихын бергі заманнан іздеу — адамзаттың көне тарихын, жасампаздығын мойындамаудың көрінісі.

ТІЛШІ: Енді мейрамның атауына келейік. Бұған келгенде де зерттеушілердің пікірі екіге жарылады. Наурыз сөзінің түпкі мағынасы қандай? Атауы парсыдан шыққаны рас па?

**Бердалы ОСПАН, мәдениеттанушы:** Шәкәрім Құдайбердіұлы Наурыз сөзін парсынікі дей келе, мағынасы «жаңа күн» деген сөз деп әрі қарай «Ескі қазаққа жаңа жыл күнінің аты — Ұлыс. ...жыл басының аты Ұлыс екенінің дәлелі мынау: *Ұлыс күні қазан толса, ол жасын ақ мол болар, Ұлы кісіден бата алса, сонда олжалы болар* — деген тіпті ескі мақал» деп жазған. «Ұлыс» сөзі шынында да көне сөз, оның байырғы мағынасы «Ұлы іс» болса керек. Халықты әбден қысқан суық маусымнан соң жеңілдік әкелген табиғаттың жанаруын, тәңірінің ұлы ісі деп түсінгендіктен жаңа жылды ұлы істің бастамасы деп «Ұлы іс» атап, кейін бұл «Ұлыс» деген бір сөзге айналған.

# Наурыз — ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН Метік



Осы жерде қазақтың «Ұлыстың ұлы күні» сөзімен қатар неге парсының Наурыз атауы қолданылады деген сұрақтың туындауы орынды. Ақын Фирдаусидің «Шахнама» жырында байырғы заманда Жәмшид деген патша туралы баяндалады. Ол патшалық құрған кезде халық еш нәрседен тарықпай өмір сүрген екен. Қарны тоқ, киімі көк болған адамдар ешқашан ауырмай, бақытты өмір сүреді екен. Наурыз мерекесін де ойлап тапқан патша Жәмшид деседі. Ақын Фердауси өзінің «Шахнама» жырында Тұран мен Иран арасындағы қатынасты бейнелеген. Осындай жағдайда екі ел арасында түркілер мен парсылар мәдени қарым-қатынаста болып, сөздердің бір елден бір елге алмасуы әбден мүмкін.

**Жамбыл АРТЫҚБАЕВ, тарихшы:** «Наурыз» сөзі — алтай халықтарының тіліне, осындай үлкен тіл тобының бәріне қатысты сөз. Яғни, бұл сөз тілдік жүйелер бөлінбей, ажырамай тұрған кезде пайда болды. Бізде бұл сөз «науа + ырыс» мағынасында сақталған. Ал ирандықтар мен еуропалықтар бұл көне сөзді «жаңа», «нау», «нью» мағынасында түсіндіріп отыр. Қарап отырсаңыз, мұның да түбі неолит дәуіріне барады, ол кезде тілдердің арасы ажырамаған еді. Яғни, Наурыздың парсы тіліне теліп жүргеніміз дұрыс емес. Өйткені парсылардың өзі біздің жерімізден қоныс аударған ариандар. Арий тайпасынан шығып, парсы қыраттарын жаулап алған. Содан ариан, иран аталып кетті. Бірақ негізінен олардың этногенезі бізге бөтен емес. Наурыз мейрамын бізде «Ұлыстың ұлы күні» деп атайды. Түрік-монғол тілдес елдер «ұлыс» деп мемлекетті айтады. Бұл ғажап ұғым, бұл кішкене ғана сөз тіркесі— Наурызды мемлекеттің ең басты мейрамы дегенді білдіреді. Қазақ халқының осындай керемет сөздерді сақтап қалғанына таң қаламын. «Ұлыстың ұлы күні» деген сөз қазақтың бұрын мемлекеті болмаған, ел болмаған деген секілді тағы да басқаша айтып жүргендердің бәрінің аузына құм құятын тарихи дерек емес пе?!

ТІЛШІ: Біздің қаламгерлердің жазбаларында бұл мереке қалай суреттеледі? Бердалы аға, мәдениеттанушы ретінде сіз айтсаңыз...

**Бердалы ОСПАН, мәдениеттанушы:** «Қыс кетіп, күн шырайы түзелген кезде тәңірі құдай ел тіршілігіне кеңшілік әкелді деп есептеледі. ...Ескі ауыртпалықтың барлығы қыспен бірге кетіп, енді жаңа үміт, жаңа тіршілік есігі ашылған күн». Бұл сөздерді көп жыл бұрын Мұхтар Әуезұлы «Сыршылдық салт өлендері» атты мақаласында жазған. Ұлы жазушы мақаласын былай деп бастапты: «Наурыз күншығыс халқының көбінің мейрамы болған. Солардың ішінде, әсіресе көшпелі түркілер арасында ең қадірлі, ең ұлы мейрам болып саналған». «Дұрысында, қазақтың тамағы да, киімі де, үйі де, күйі де, көлігі де, отарбасы

да, телеграфы да, телефоны да мал емес пе? Малсыз қазақтың күні бар ма? Сол малын аман сақтау үшін қысқы аязда, ызғырық боранда бейнет шегіп, еңбек сіңіріп, малымен бірге жатып, бірге тұрып, бірге жүріп, бірге ығып, қыс қандай қысылса, жаз сондай жазылатын, жады-райтын шаруашыл, еңбекшіл қазақ қыстын өткеніне, жаздың жеткеніне қалайша өзгелерден артық қуанбасын, жаздың басы жаңа күн — Наурызды, қалайша мейрам етпесін». Бұл — қазақтың ардақты ұлы Міржақып Дулатұлының «Қош келдің, Наурыз!» атты мақаласында жазғаны. Осы сөздерден көктемді қазақтың жаңа жылдың басы деп неге таңдағанын түсінуге болады. Қазақтар әлемнің табиғи жүйелілігін ежелден түйсінген ел. Ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы Наурыз мерекесі туралы былай деп жазған: «Жаңа жылымыз — ...шын мағынасында жаңа жыл деп айтуға лайық. Күн жылынып, қар еріп, жан-жануар жаздың жақындағанын сезіп, көңілденген кез. Шаруа адамдарының бейнеттен қолы шешіліп, алты ай қыс бакқан арықтарын үмітті



күнге жеткізіп, демалып отырған кез. Ағаш шөптер қар астынан сілкініп шығып, гүлденіп жасаруға даярланып, күн де қыстай бірі бүйірлеп жүруін қойып жоғары көтеріліп, бүтін ғаламға нұрын шашып, үйсізді үйлімен теңгеріп, бай мен жарлығы бірдей сәуле беруге тұрған кез». Ал Ұлы ақын Абайдың: «...Ол күнде Наурыз деген бір жазғытұрым мейрам болып, наурыздама қыламыз деп тойтамаша қылады екен. Сол күнін «Ұлыстың ұлы күні» дейді екен» деген сөздері де бүгінге жетіп отыр.

ТІЛШІ: Жамбыл Омарұлы, Сіз Наурыз мейрамының тарихына шолу жасағаныңызда Нұх пайғамбардың деректерін келтірдіңіз. Қоғамда Наурыз мейрамын дін мейрам деп санайтындар да жоқ емес. Бұған не дейсіздер?

**Жамбыл АРТЫҚБАЕВ, тарихшы:** Діни мейрам дегені — желеу ғана. Бұл Кеңес үкіметінің ұлттық салт-дәстүрлермен күресінің жемісі. Этнографиялық зерттеулер жүргізіп, шежіре жинап жүргенімде қазақтың қариялары айтатын: «Үкімет 1926 жылы орнады, сол жылы ұлттық дәстүрлерге тыйымдар салынды». Соның бірі — Наурыздың тұюы. Қазақтың

және өзге де түркі халықтарының жаңа жылын орыс жаңа жылына бейімдеу керек болды. Осылайша, 1926 жылға дейін қазақ халқы жаңа жылды Наурызда тойлап келіп, 1926 жылдан кейін күрт тыйылды. Наурызды тоқтату арқылы үлкенді сыйлау (мысалға бата алудың өзін айтуға болады), дастарқан мәзіріне мейлінше мән беру, киелілік сынды қазақтың өзге де құнды ұғымдарына үлкен сокқы берілді деп есептеймін. Наурыздың қандай да бір дінге еш қатысы жоқ па? Наурыздың еш дінге, тіпті өте ежелгі діндерге де қатысы жоқ. Наурыз жаратылыстану түсініктерінен туындаған. Расында да, Наурыз — күн мен түннің теңелетін уақыты. Сол заманның есепшілері анықтаған табиғаттың ғажап бір заңдылығы, гармониясы. Сондықтан да, Наурыз туралы айтқанда діннен гөрі, көне замандағы ғылым-білім туралы, даналық туралы айтқанымыз жөн. Яғни, оны белгілі бір дінмен байланысты деп айтуға болмайды. Тіпті, әлемдегі ең көне дін саналатын Зороастризмнің өзі біздің дәуірімізге дейінгі 2 мыңжылдықта пайда болды. Ал Наурыздың тарихы кем дегенде б.з.д. 6-7 мыңжылдықтарға барады.

**Бердалы ОСПАН, мәдениеттанушы:** «Наурыз — дін мейрамы емес, тұрмыс мейрамы. Наурыз қазақтың ұлы мейрамы болып кеткен. Құрбан айт, ораза айттардан гөрі дені де сау, қадір де артық». Сұлтанбек Қожанұлы 1925 жылы «Еңбекші қазақ» газеті бетінде «Наурыз туралы» мақаласында осылай деп жазыпты. Қазақтар ежелден жаңа жыл көктемнен бастау алады деп білген. Ислам дінін қабылдағаннан кейін де қазақтар жаңа жылды көктемде мерекелеуінен жанылмаған. «Қазақ жаңа жылы дін әсерінен таза. Бұл күні ешбір құлшылық, дін әдеттері жасалмайды. Бар болғаны — бір-бірімен көрісіп: «Жасың құтты болсын» — дейді». Бұл ақын ақын Мағжан Жұмабайұлының 1927 жылы «Наурыз» мақаласында жазғаны. Сондықтан бұл мейрамды ешқандай діни мейрам деп санауға болмайды.

ТІЛШІ: «Өзіміздің төл жаңа жылымыз — өз-Наурызды естен шығармаған жөн. Бұл мейрам — тіршілікті түлете келетін нағыз табиғи жыл басы. Наурыз — жанару мен жаңғырудың символы. Сондықтан төл мерекеміздің мазмұнын байытып, оны барынша ерекшелеп, жаңаша атап өтуіміз керек. Бұл қадам қоғамды ұйыстырып, ұлттық бірегейлігімізді ай-

шықтап, ел бірлігін нығайта түсуге ықпал етеді деп сенемін», — деген еді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Egegen Qazaqstan газетіне берген сұхбатында. Биыл Наурыз мейрамын жаңа форматта мерекелеу бекітіліп, жыл сайын 14-23 наурыз аралығында өткізілетін Наурызнама онкүндігі жарияланды. Наурыздың бірегей логотипі бекітіліп, еліміздің барлық аймағына жіберілді. Сонымен қатар осы мерекеге орай халық 5 күн демалады. Жалпы, Наурызды қалай тойлау керек?

**Жамбыл АРТЫҚБАЕВ, тарихшы:** Наурыздың қазіргі тойлануына көңілім толмайды. Наурызда деген жалпыхалықтық ынта-ықылас әлі де жоқ. Наурызға дайындықты ертерек бастау керек. Кемінде бір ай бұрын басталуы керек. Мәшһүр Жүсіп Көпеев жазып кеткен деректер бар: ерте уақытта бөйбішлер жаздығүні қарынқарын май жинап, жент, құрт жинап «Наурызда ашамын» деп ырым қылады екен. Наурызда дейін женті тас қайрақтай болып қатып жатады. Қыстығүні балалар мен немерелер «Апа, жент берші» деп сұраса, «Айналайын, Наурызда дейін шыдай тұр. Наурызда «Самарқанның көктасы жібіген» біздің жентіміз де жібиді. Сол кезде жерміз, қарынға қолды сапармыз» деп ынтықтырып отырады екен. Бұл ынтықтырудың, Наурызды күттірудің астарында оған деген құрмет жатыр. Кез келген тойды халық қабылдасам, сол ұлы күнге өз санасын дайындамасам, ол мейрам емес. Қазіргі Наурыз — әкімшілік тарапынан жасалған іс-шара сияқты. Әйтеуір уақыты жеткенде апыл-ғұпыл бірдене жасаған боламыз. Ал қазір Наурыз қазақтың дәстүр-салтын есіне түсіретін этнографиялық тойына айналып кеткені де рас. Әркім өзінің есінде қалғанын, білгенін істеп жүр. Біреулер келін түсіру ырымын жасайды, біреулер баланың тұсаукесерін өткізеді тағы сол сияқтылар. Осылайша, Наурыз жаңа жылдың басы, бірнеше мың жылдық тарихы бар қасиетті мейрам есебінде тойланбай келеді. Менін ойымша, Наурыз біздің ұлттық жаңғыруымыздың, ұлт құндылықтарына көзқарасымыздың, ұлтжандылығымыздың көрсеткіші болуы керек. Солтүстіктегі кей өңірлер ауа райының суықтығынан, Наурыз мерекесін сәуір, мамыр айларына қалдырып жүр... Наурызды кейінге қалдырумен өз басым келіспеймін. Жаңа жылды да (31 желтоқсан) қыс ортасында күн суық деп кейінге қалдырмай-ақ өткізіп жүрміз. Сонда Наурызды тойлай алмаймыз ба? Табиғаттың кесімді уақытын, мыңдаған, он мыңдаған жылдар бойы тойланған күнтізбелік келіскен мейрамды облыс денгейіндегі әкімдердің шешімімен бұзу тіпті ақылға қонбайтын іс.

Наурызда қатысты мейрамдардың, дәстүрлердің көпшілігі әлі орындалмай келеді. Бұл — этнографтардың және көп нәрсені құлаққа алмайтын қоғамның кінәсі. Бәріміз қосылып, Наурызды шын мәнінде жалпы халықтық мейрам есебінде жаңғыртуымыз керек. Соңғы кезде қазақстандық сәйкестікті қалыптастырамыз деген сияқты сұрақтар көтеріліп жүр. Наурыз — сол мемлекеттік бірегейлікті (идентичность) қалыптастыратын ең мықты тетіктердің бірі.

ТІЛШІ: Уақыттарыңызды бөліп, сұхбат бергендеріңіз үшін алғыс білдіреміз.

Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Наурызбек САРША



Қазақ  
халқы Наурызды  
«жыл басы» дейді.

Наурызды күллі шығыс халқы  
мерекелеп, жаңа күннің  
басталуымен бірін-бірі құттықтап,  
үлкен мерекеге айналдырады. Әр адам  
келіп жеткен жаңа жылдан жаңаша үміт  
пен жақсылық күтетіні шындық. Ал  
босағадан енді енген әр жылдың өзіндік  
ерекшелігі мен өзгешелігі болатыны  
тағы бар.

Бердібек ҚАБАЙ

Шынымен де, осы бір сандардың еш ғылымның заңдылығына бағынбайтын ерекше сәйкестіктері болатыны қызық дүние. Мысалы, келіп жеткен 2024 жылдың күнтізбесінің де өзіндік ерекшелігі бар. Жылдар мен айлар күнтізбелеріне көз жібере отырып, биылғы жылдың күнтізбесімен сонау 1940 жылдың күн парағы тура сәйкесетіндігін көруге болады. Ғылыми болжам бойынша, егер жыл кібісе болса, 28 жылдан кейін күнтізбеде толық сәйкестік болады екен.

2024 жыл — кібісе жыл, сондықтан сәйкестіктер өте көп: мысалы, биылғы жылмен 1912, 1940, 1968, 1996, 2052, 2080 жылдардың күнпарақ кестесі дәлме-дәл сәйкесіп келеді. Күнтізбеге қарасак, ақпан 29 күнге созылып, Наурыз мейрамы жұмаға кіреді. Ал жыл сейсенбі күнмен аяқталады. Мұндай сәйкестік енді тек 2052 жылы ғана қайталанбақ.

Бір қызығы, біздің есебіміздегі күнтізбе бойынша 365 күннің орнына 364 күн болса, онда еш өзгеріссіз жыл сайын бір ғана күнтізбе пайдаланған болар едік. Ал күнтізбедегі күн санының 365 болуының өзіндік құпиясы тағы бар.

Кібісе күн ақпанның әдеттегі 28 күніне бір күнді қосу арқылы түзіледі. Төрт жылда бір рет жасалатын бұл күнтізбе торын іске асырудың себебі, Жердің Күнді айналу кезеңі (астрономиялық жыл) — бір меридиан бойынша Күннің екі транзиті арасындағы орташа уақыттың (тәуліктің) есебі. Ғалымдардың пайымынша, бұл да дәл есепке есептеу емес.

#### КҮНТІЗБЕНІҢ ТҮРІ КӨП

Күнтізбенің түрі көп. Есте жоқ ескі замандардың өзінде адамзат баласы уақытты межелілеу үшін түрлі амал-айла жасағаны белгілі. Мысалы, адамдар ерте дәуірлерде таяқшалар тастап, тактайшаға кертік жасап немесе жіпті түйіп уақытты белгілеп отырған. Мұндай күнтізбе нұсқалары Америка, Азия, Африка құрлықтарындағы тарихи орындардан жиі табылады. Нақты бір күнтізбенің нұсқасын Ахаменид патшасы І Дарий пайдаланғаны жайлы тарих атасы Геродоттың жазбасында кездеседі. Кертік ағаш күнтізбені мажар қыпшақтары мен финнугоглар бертінге дейін қолданып келгені белгілі. Ал қазақ есепшілерінің «кісе» деп атайтын қарапайым уақыттық есеп құралын да осы санатқа қосуға болады.

Ресейдің Қорған облысындағы қазіргі мекендейтін ауыл маңынан табылған б.з.д. VIII ғасыр мұрасы қола семсердің қос қапталына 20 түрлі жануарлар бейнесі таңбаланған екен.



Зерттеуші В.Котов «20 күндік айды белгілейтін күнтізбе болуы мүмкін» деген болжам айтқан.

Дегенмен бүгінге жеткен ең көне күнтізбе «борыш кітабы — календарий» 354 жылы Римде жазылғаны жайлы білеміз. Ал баспаханада басылған алғашқы күнтізбеге келсек, 1448 жылы неміс шебері Иоган Гутенберг қабырғаға ілінетін астрономиялық табель-календарь басып

шығарса, 1474 жылы оның жерлесі астроном Иоган Мюллер (Региомонтан) алғашқы журнал түріндегі 64 беттік календарь жасаған екен.


Ал біздің жыл санауымызға дейін үндістердің Сапотектер тайпасы Моте-Альбан қаласының басты қақпасына күнтізбе жазып, сол кесте арқылы өздерінің белгілі бір ритуалдары мен діни рәсімдерін жүргізіп отырған деген дерек бар. Олардың күнтізбесі бойынша жыл 260 күннен тұрған. Бірақ олардың жазбасында еш уақытта күнтізбенің қайталануы болмаған. Олардың құрған күнтізбесі бойынша қайталану мың жылда не одан да көп уақытта сәйкес келетін болған. Сөйтіп, күнтізбенің дәл сәйкескен жылы Сапотектердің намыны бойынша ақырзаманның басталатын күні болып болжанған. Ғалымдардың есебіне қарағанда Сапотектердің жыл санауы бойынша қайталанған күнтізбе біздің жыл санауымыз бойынша 2011 жылдың 24 желтоқсанында болуы тиіс екен.

Ал ұлтымызда ғұлама шипагер ретінде танылған Өтейбойдақ Тілеукабылұлы XV ғасырда жазған «Шипагерлік баян» кітабында жыл атауларына өз сипаттамасы берген. Осы еңбегінде ол: «Сумақы — тышқан, Манғаз — сиыр, Айбар — барыс, Секем — қоян, Суман — жылан, Тұлпар — жылқы, Иіртепек — ұлу, Шопан — қой, Мешін — мешін, Айтак — ит, Шақырауық — тауық, Қорысқы — доңыз» деп жазды.

Зерттеушілердің айтуынша, ежелгі көшпенділер жануарлар күнтізбесін қытайлардан қабылдап алған көрінеді. Алайда бұл күнтізбе толығымен көшірілмеген, оның өзіндік ерекшеліктері бар. Мәселен, Қытайда Маймыл жылы көшпенділерде «Мешін жылы» деп аталады. Ал Айдаһар жылының Ұлуға айналуы туралы екі болжам бар. Қай уақытта да ауа райына тәуелді көшпенділер көбіне жазы қуаншылықпен, қысы жұтпен есте қалған Қоян жылынан кейінгі жылға жауын-шашын мол болсын деген ырыммен сулы жерде өмір сүретін ұлудың атын берсе керек. Екінші болжам бойынша, айдаһар қытай тілінде «лүн» деп аталады екен. Ұлу сөзі осы «лүн» сөзінен шығуы әбден мүмкін.

#### ҰЛУ ҚАНДАЙ ЖЫЛ?

Халқымыз әрбір мүшел жастың есебін шығарып қана қоймай, әр жылдың өз ерекшелігі мен сипатын да ғасырлар




оның тек өте сезгіш қасиетке ие екенін білеміз. Ал ұлу жыл ретінде санатқа енуі туралы жорамал көп. Мәселен, ғалым М.Ысқаков: «Ұйғырлар, түрікмендер және Қызылорда, Шымкент қазақтары ұлу жылын «балық дегенін айтады. Өйткені олардың түсінігінде осы жыл — суы мол жайлы, жұмсақ жыл деп саналады.

Нумеролог Ақбота Әбілтайтың айтуынша, ұлу жылы — кібісе болғандықтан, бұл жылы туған адамдардың тағдырында ерекшелік бар. Бірі аса табысты болса, енді бірінің тағдыры ауыр болады.

«2024-тің қорытынды саны сегіз. 2 + 2 + 0 + 4 = 8. 8 — күрделі сан, шексіздік, масштаб, сәттілік, қарыз бен парыз, қарманың саны.

Бір жағынан, сәттілік, табыс әкелсе, бір жағынан сынайды, ауқымды істер



#### ҰЛУ ЖЫЛЫ ТУҒАНДАР

Әр жылдың бедерін бағамдап отырсақ, талай дүниенің болғанын байқай аламыз. Ал бір мүшел сайын дүниеге келген кемеңгерлердің өмір тарихына қарап өзін түзейтіндер де кездесіп жатады. Сол өзгелер өміріне бағдар еткен тұлғалар осы ұлу жылында да мол екен.

Бұл тізімді шығыс шайыры Омар Хайям (1048) бастаса, атакты жазушы, детектив жанрының негізін қалаушы Эдгар По (1810), әйгілі қаламгерлер Льюис Кэрролл (1832), Дж.Р.Толкиен (1892), Иосиф Бродский (1940), Максим Горький (1868) де ұлу жылы туған ұлылар қатарынан болып шыққан. Ал әлемнің жаратылысы мен тылсымына көз тіккен философтар арасынан «фашизмнің рухани атасы» Фридрих Ницше (1844), коммунизмнің «көк серкесі» Фридрих Энгельс (1818), Освальд Шпенглер (1880), Жан-Жак Руссо (1712), әйгілі Иммануил Кант (1724) ұлу жылы дүниеге келіпті. Әлемдік саясатта ойып тұрып орын алғандар қатарынан өжет қыз Жанна д'Арк (1412), орыс патшасы Николай II Романов (1868), Америка президенті Авраам Линкольн (1810), Эрнесто Че Гевара (1928), көршіміздің бүгінгі 1 адамы Владимир Путин (1952), Франсуа Миттеран (1916), Эдуард Шеварднадзе (1928) атауға болады.

#### ЖАҢА КҮНТІЗБЕ

#### ЖАЗЫЛЫП ЖАТЫР

Қазір әлем халықтары бірнеше түрлі күнтізбе қолданады. Оның қатарында Солтүстік Кореяның күнтізбесі қолданыстағы ең жас күнтізбе болып есептеледі. Соның ішінде ең танымалы — Григориан күнтізбесі. Бұл календарь бойынша жыл 12 айға, ал айлар 28-31 күн аралығында тәуліктік мезгілмен жіктеледі. Бірақ бұл күнтізбе «ғаламдық уақыт есептеу жүйесіне сай емес» деген пікір алғаш рет 1923 жылы Женева қаласында өткен Ұлттар лигасының басқосуында айтылып, болашақта бұл күнтізбені реформалау ісі Халықаралық комитетке жүктелген болатын. Бұл жүктемеден осы күнге дейін нәтиже шыққан жоқ. Содан 1954 жылы БҰҰ-ның Экономикалық кеңесі 18-сессиясында үнді астрономдары ұсынған жаңа күнтізбе жобасы талқыланып, оны БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының қарауына

ұсынды. Бірақ ешқандай нақты шешім қабылданбайды. Себебі аталмыш күнтізбе әлем елдерінің тұрмыстық қағида-тәртібінің кейбір тұсына қайшы болып шыққан.

Сонғы жылдары бұл мәселемен қазақ ғалымдары да, атап айтсақ, танымал өнертапқыш, Д.Қонаев атындағы университеттің құрметті профессоры, Халықаралық Ақмеологиялық ғылымдарының академигі, Платон сыйлығының иегері, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Сайлыбай Бекболатов түбегейлі шұғылданып жүр. Ғалым «Мәңгі қазақ күнтізбесі» деп атаған күнтізбе жүйесінің ерекшелігі сол, жыл 13 айдан тұрады және әр ай 28 тәуліктен құралады екен.

«Жылдың 13 айдан тұру себебі, Жер планетасы Күнді айналу жолында 13 шоқжұлдызды жанап өтетіндіктен, Ай біз



сегіздік жылы болса, сол адамдар үш іш ерекше болады. Әсіресе, мүшелге кіретіндер — 1964, 1976, 1988, 2000, 2012 жылдары туғандар өздері үшін сак болуы керек», — дейді Ақбота Әбілтай.

ойлағандай отыз күнде емес, жиырма сегіз күнде толады деп болжадық. Есептей келе, әр ай дүйсенбіден басталып, жексенбіде бітеді. Бұл өте қолайлы. Жалпы, адамзат үшін күнтізбе мәселесі аса маңызды. Өйткені біз қазір қолданып жүрген Григориан күнтізбесінде көптеген қателік бар. Басқасын айтпағанда, 365 тәуліктің өзі құбылмалы. Мысалы, қазіргі жыл санаудың төртінші жылында 366 күн бар. Бір күн артып кеткен. Осы қателіктің салдарынан бір жылды құрайтын 12 ай: бірде 28, бірде 29, бірде 30, тағы бірде 31 күнге ауысып отырады», — дейді ғалым Сайлыбай Бекболатов.

Ширек ғасыр тер төгіп, үзбей жүргізген терен ғылыми ізденістерінің нәтижесінде «Мәңгі қазақ календары» атты патенттің иесі атанып отырған қазақ ғалымының жаңалығының тұсауы 2014 жылы Халықаралық өнер, коммуникация, ғылым және технология конгресінің Англиядағы Кембридж университетінде кесіліп, осы ұйымға мүше 40 мемлекеттің айтулы ғалымдары тарапынан бірауыздан мойындалды.

#### ҚАЗАҚ КҮНТІЗБЕСІ ҚАНДАЙ?

Бұрын қазақ күнтізбесі — табиғат құбылыстарын бақылаудан туған халықтың көпжылдық тәжірибелері қорытылған, жұлдызды аспан туралы астрономиялық түсініктер мен білімдер жинағы десек болады. Табиғат құбылыстарының қайта айналып келіп отыруын, күн мен түннің, жыл мезгілдерінің, айдың тууы мен батуының алмасуын, жұлдыздардың орналасу тәртібін, мұқият бақылап, есептеп ұғынудың қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығы үшін орасан зор маңызы болды. Қазақтар өзінің осы бір өмірлік күнтізбесі арқылы жайлауға қай уақытта көшу, күзеуге және қыстауға қай уақытта қайту, қой мен қозыны қырку, қүйекке алу, мал төлдету, соғым сою, егін егу, шөп шайу сынды шаруашылық жұмыстарын жүргізу мезгілдерін негізінен есептеп белгілеп отырды. Бұл есептен жанылу қазақ халқы үшін аса қауіпті де болғандай. Сондықтан қазақ халқы әр айдың туған сәті мен толысуын және қараңғылануын қалт жібермей бақылап, өміріне бағдар етіп отырды.





Жылқы малын баптап-бағу, өсіріп-өрістету ісіне халқымыз қатты мән берген. Жүйрік аттарын жаратып бәйгеге қосып, аламанның алдын бермей жүрген атбегілер БҚО-да да бар. Сондай жылқыға жаны құмар, арғымақ десе ішер асын жерге қоятын азаматтың бірі – Ақылбек Ищанов. Ақылбек өзі БҚО Жаңақала ауданында дүниеге келген. Жарқ етіп ерте сөнген айтыстың жарық жұлдызы Асылбек Ищановтың туған ағасы. Біз Ақылбек Ищановтың SABA этнокешенінде болып, атбегімен аз-кем әңгімелескен едік.

# АРҒЫМАҚ МІНГЕН АҚЫЛБЕК



SABA этнокешені 2017 жылы ашылған. Ата кәсіпті жалғап, жылқы ұстаймын, қымыз сапырып, бәйге аттарын баптаймын деген Ақылбектің арманын келіншегі Ақмоншақ қолдап, осы кешенді ашқан. Басында баласына деп жетім құлын сатып алыпты. Кейін Ақылбек өзі мінетін жылқы әкелген. Араға бірнеше жыл салып үйге саууға деп екі бие алынған. Қазір біздің кейіпкеріміз қала шетінен 20 сотық жер алып, қора-қопсыны да үлкейтті. Қазір SABA этно-кешені жәй ғана қымыз ішіп, қызық қуатын орын емес. Бұл жерде ұлттық спорт түрлеріне баулитын «Азамат» лагері де жұмыс істеп тұр. Ақылбек Ищановтазабәйге аттарын баптайды, шабандоздар тәрбиелейді. Өзі БҚО Ұлттық спорт мектебі «Бәйге» бөлімінің жаттықтырушысы.

Жылқымен қазақтың жаны егіз. Қазақ халқы ертеден ат жалында өсіп, жылқының сын-сипатын, бабы мен күтімін бес саусақтай білген. Біздің кейіпкеріміз де жылқы баптаудың қыр-сырын әбден меңгерген. – Ауыл баласы болған соң ба, жылқыға деген қызығушылығым бозбала кезімде оянда. Оқушы кезде сенбі-жексенбі күндері қырға кетуге асығып тұрушы едім. Сондағы бар мақсатым – тезірек атқа мініп, асау тайларды үйрету болатын. Сөйтіп, атқа деген құмарлығым күн өткен сайын арта берді. Бірақ қалаға келгесін үзіліп қалды. Сол үзілген дәстүрді жалғаймын деп осы этнокешенді ашып, қазір бәйге аттарын баптап жүрмін. Ат баптау оңай шаруа емес. Табандылық пен еңбекқорлықты талап етеді.

Жалпы, бәйгеге қосылатын ат жыл-онекі ай дайындықта болуы керек. Әуелі атқа күнделікті жемін, тамағын, әртүрлі дәруменін беруді де ұмытпаған абзал. «Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай шабады» демекші, алыс қашықтыққа, жақынға шабатын ат бар. Бәйге жолының қашықтығына орай ат бапталмақ. Ал баптау әдісі әртүрлі. Егер тілін түсініп баптай алмасаң, жүйріктің бағы таяды. Мен мына үйдің жанындағы тоғайға апарып жүргіземін. Қысы-жазы аттың тынысын, өкпесін ашу үшін жаттығуды тоқтатпаймын, – дейді Ақылбек.

Бәйге аттарына көбіне ағылшын тұқымды жылқыларды қосады екен. Ақылбектің қора-

төбе, Ақтау, тіпті Астанадан келетін қонақтар үшін қызмет көрсететін ұлттық орталыққа айналып келеді. Бұл жерде 5 мезгіл бие сауылады. Жылқының сүтінен ем іздегендер саумал ішуге келеді. Ақылбек өзі күбі ыстап, қымыз дайындайды.

Ақылбек бәйге аттарын баптап қана қоймай, шабандоздарды да тәрбиелеп жүр. Тақымы мықты бала тәрбиелеп шығу олимпиада чемпионын дайындағанмен бірдей екен.

– Шабандоз дайындау да үлкен еңбек. Бала біріншіден, аттан қорқып қалмауы керек. Сол үшін бірінші құлынға отырғызып үйретеміз. Кейін жуас тайларға отырғызамыз. Әдейі жуасын береміз. Жарыстан қалып қойғанын көрген бала өзі келіп маған дұрыс ат беріңіз деп сұрайды. Баланың аттан қорықпайтынын, тақымы қатайғанын анық сезген кезде бәйге аттарына отырғызамыз. Баланың тақымын қатайтуда оңай емес. Күнде спортпен шұғылданады. Аяқты



сында тұрған жылқылардың дені – ағылшын жылқылары.

– Мен танда қораға кірген бойда әр жылқыны қарап шығамын. Көздеріне қараймын, соған қарап көңіл-күйлерін сеземін. Бабы келмей тұрса іште қалдырамын. Кейде ауырып қалады. Дәрі саламын, өзім емдеп аламын. Мен қазір көп жылқы ұстай алмаймын. Бар болғаны 20 сотық жер ғой. Жер тарлық етіп тұр. Әйтпесе, жылқы санын көбейтіп, ұлттық спорт түрлерін дамытуға үлес қоссам ба деймін, – деп кейіпкеріміз өз арманымен бөлісті.

SABA этнокешені қазір оралдықтарды қойып Атырау, Ақ-

қатайту, қолды қатайту жаттығуларын жасаймыз. Әсіресе, қолға арналған жаттығуды көп жасатамын. Ол тізгін тарту үшін қажет. Тақымы бос баланы жылқылақтырып кетеді. Бала мінген аттан түспей, құламай отыра алуы керек. Бір қызығы, шабандоздардың бәйгесі екі жыл ғана. Себебі бала тез өсіп кетеді. Салмағы 35 кг асып кетсе болды, шабандоз болуға жарамайды, – дейді Оралда талай шабандозды тәрбиелеп жүрген Ақылбек атбегі. Болашақта классикалық бәйге аттарын дайындағысы келетін атбегіге біз сәттілік тіледік.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,  
Батыс Қазақстан облысы

# ӘСІПТІ КӘСІП ЕТКЕН

Ұлттық тағамымыз саналамын әсіп бүгінде төрге шықты, хит тағамдардың бірі болып, оған сұраныс бірнеше еселеп көбейді. Қазір шалғай ауылдардың ғана емес, қалалықтардың да сүйіп жейтін асына айналды. Дәруменге бай әрі жеңіл тағам кафе-ресторандардың мақтанышымен көрсететін мәзірінен табылды. Тіпті, қазір әсіп жасайтын көп қыз-келіншек арнайы курс ашып, оны қалай жасаудың, қалай тапсырысты көбейтудің және онымен қалай кәсібін дөңгелетіп, миллиондаған қаржы табудың қыр-сырын үйретіп жүр.

Бір кездері сонау бағзы заманнан дастарқанымыздың төрінен орын алып жүрген әсіпке сұраныс төмендеп, көпшілік аса құнттамай кеткен еді. Ішек-қарыннан жасалған деп мұрнын шүйіре қарайтын жұрт қазір әсіпке қалай әуес болды? Біз әсіп бизнесінде 25 жыл бойы үздіксіз еңбек етіп, бүгінде жетістікке жеткен түркістандық кәсіпкер келіншек Гүлжайна Таукебаевамен тілдескен едік.

Айта кетейік, бір кездері еліміздің өзге өңірінде ұмыт бола бастаса да, Түркістандағы тіршілігі қайнаған әсіп базары бір сәтке де тоқтаған емес. Соңадайдан иісі мұрын жаратын әсіптің өз тұтынушысы бар. Түркістанда балалық шағын өткізіп, бүгінде еліміздің әр қиырында еңбек етіп жүрген талай беделді, белді азаматтар да әсіп базарына мойын бұрмай кетпейді. Балалықтың дәмін татып, бір масайрап қайтатынын естіп те, көріп те жүрміз. Кейіпкеріміз Гүлжайна Өмірбекқызы көрші облыстардан Шымкент, Ақтөбе, Атырау Қызылордадан сонау Алматыдан арнайы келіп дәм тататындар бар дейді. Тіпті, қысты күні тапсырыспен әсіпті мұздатып қағазға орап, Ресейге жіберген күндер де болыпты.

Елде дағдарыс болған 90-жылдардың басында отбасын асырау үшін базарға шыққандардың қатарында болған кәсіпкер келіншек бастапқыда бәліш сатып күн көрген. Бәлішке маманданған ол қысы-жазы осы кәсіпті дөңгелетіп, күніне 50 келі болатын 1 қап ұнға дейін илеп, ашытып, бәліш сатқан күндерін еске алды. 2000 жылдары Түркістандағы базардан өрт шығып, бәліш сататын орны жабылып қалады. Ойда жоқта нәпақасынан айырылып қалғандықтан абдырап қалған ол әсіп сатуды ойға алған.

«Қазақтың ұлттық тағамының бірі әсібіміз қазір төрге шықты ғой. Әрине, бейнеті ауыр, соған сай сұраныстың көптігі қуантады. Пайда да жақсы. Қиын-қыстау кездері әсіп істеп сатуды



қолға алдым. Шүкір, оның да өз клиенттері болды. Қазір тіптен тапсырыс беретіндер көбейген. Әсіресе, Ораза айында еселеп артты. Бұрын-рақта адамдар тек өздері жеу үшін келсе, қазір ауызашарға тапсырыс береді, қонақтың алдына қоятын абыройлы тағамның қатарына шықты. Қазір көпшілік үстелге шұжық қоймайтын болды, оның орнын өзіміздің әсіп басты», – дейді Гүлжайна.

«Қанағат қылсаң маған, тағы берем саған» деген тәмсілді берік ұстанған ол осы кәсіптен пайда тауып отырғанына қуанады. Бүгінде Түркістан қаласының әсіп базары екі есеге үлкейген. Сатушы да, соған сай сұраныс та көбейген. Гүлжайна Өмірбекқызы күн сайын әр қайсысы 700 теңгеден болатын 80-100 кісілік тағам сататынын айтады. Демек бір күнде 60 мың теңгеге жуық сауда істесе, орта есеппен оның кемі 30 пайызы пайдаға қалады. Күнделікті мөлшер жобасына сай сиырдың майлы ішегін, өкпе-бауырын сатып алады. Күнұзақта базарда тұратындықтан «оны қай уақытта істеп үлгересіз?» деген сауалымызға мұны базардан барғанынша жұбайы мен келінінің жартылай дайындап қоятынын айтады. Сонымен бірге базарда қасына көмекші ұстайды екен. Оған күн сайын 3-4 мың теңге көлемінде ақы төлейді. Әбден әсіп істеуге машықтанған келіншек кейінгі кездері кейбіреулердің әсіптің өз табиғи дәмін бұзып дәмдеуіштер қосып тастайтынын, оның келешекте әсіпке деген сұраныстың төмендеуіне әсер етуі мүмкін екенін айтып қынжылды. Бүгінде әсіп бизнесінің арқасында кәсіпкер ұлы мен екі қызын аяқтандырып, он шақты немере сүйіп отыр. Айта кетейік, әсіп – денсаулыққа өте пайдалы, жеңіс ас. Мәселен, бауыр темірге, А1, В2, В6, В12 дәрумендеріне бай. Оның үстіне, өте маңыздысы – еттің құрамына экстрактивті деп аталатын заттар кіреді, олар қайнатқан кезде сорпаға ауысады. Экстрактивті заттар төбет ашып, ас қорытатын сөлдердің бөлінуін күшейтеді екен.

Назгүл НАЗАРБЕК,  
Түркістан облысы

## Хабарландыру

Сатып алуды ұйымдастырушы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. (Университет) Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сатып алудың әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 20-бабының негізінде университетімізге қарасты оқу ғимараттары, жатақхана және қосалқы нысандарына дезинфекция, дезинсекция, дератизация дәрілеу жұмыстарын жүргізуін сатып алу.

Сатып алудың нысаны болып табылатын тауарлардың жеткізілу мерзімі: Тараптар келісімшартқа қол қойған күннен бастап, құрылыс мердігерлігінің шарты бойынша мердігер тапсырысшының тапсырмасы бойынша шартта белгіленген мерзімде белгіленген объектіні салуға не өзге де құрылыс жұмысын орындауға міндеттенеді.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұрауымыз:

1. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы;
2. Сатып алу нысаны болып табылатын жұмысты атқару саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (келісімшарт, электрондық шот фактура, орындалған жұмыс актілері)
3. Әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркелуі туралы анықтама;
4. Әлеуетті өнім беруші қызметтің сапа сәйкестігін тексеру мақсатында қолданылатын дәрілердің үлгілерін, каталогтарын немесе суреттерін өткізуге тиіс.
5. Әлеуетті өнім беруші ҚҚС төлеуші болса сатып алынатын тауарлар бойынша ұсынған баға ұсынысының ішінде ҚҚС қарастыру керек.
6. Әлеуетті өнім беруші уәкілетті органның берешегі жоқ туралы анықтамасы.
7. Конкурстық қатысуға және шарттық кепілдік ретінде конкурстық ұсынылған жалпы соммасының кем дегенде 5 пайызы (%) мөлшерінде мына есепшотқа аударылуы талап етіледі: А.Ясауи атындағы ХҚТУ мекемесі, БСН-990440008043, БСК-НСВККЗКХ, ЖСК-КЗ436010291000010707, Кбе-16, «Қазақстан Халық банкі» АҚ немесе банктік кепілдік берілуге рұқсат.

Сатып алынатын тиісті құрылыстың тізімі мен келісімшарт үлгісін <http://ayu.edu.kz/> сайтының хабарландыру парақшасынан немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинеттен алуға болады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 02.04.2023 (15:00), №201 кабинет.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты: Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 20 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинетте қабылданады.

## Хабарландыру

Сатып алуды ұйымдастырушы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. (Университет) Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сатып алудың әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 20-бабының негізінде университетімізге қарасты «Биология» кафедрасының «Зоология» зертханасына қажетті құрал-жабдықтарды сатып алу.

Сатып алудың нысаны болып табылатын тауарлардың жеткізілу мерзімі: тараптар келісімшартқа қол қойған күннен бастап, әлеуетті өнім берушінің шарты бойынша, әлеуетті өнім беруші тапсырысшының тапсырмасы бойынша шартта белгіленген мерзімде белгіленген тауарды алып келуге және монтаж жұмыстарын жүргізіп орнатуға міндеттенеді.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұрауымыз:

1. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы;
2. Сатып алу нысаны болып табылатын тауарды жеткізу саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (жүккүжат, келісімшарт, электрондық шот фактура, орындалған жұмыс актілері)
3. Әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркелуі туралы анықтама;
4. Әлеуетті өнім беруші тауардың сапа сәйкестігін тексеру тауарларының үлгілерін, каталогтарын немесе суреттерін өткізуге тиіс.
5. Әлеуетті өнім беруші ҚҚС төлеуші болса сатып алынатын тауарлар бойынша ұсынған баға ұсынысының ішінде ҚҚС қарастыру керек.
6. Әлеуетті өнім беруші уәкілетті органның берешегі жоқ туралы анықтамасы.
7. Конкурстық қатысуға және шарттық кепілдік ретінде конкурстық ұсынылған жалпы соммасының кем дегенде 5 пайызы (%) мөлшерінде мына есепшотқа аударылуы талап етіледі: А.Ясауи атындағы ХҚТУ мекемесі, БСН-990440008043, БСК-НСВККЗКХ, ЖСК-КЗ436010291000010707, Кбе-16, «Қазақстан Халық банкі» АҚ немесе банктік кепілдік берілуге рұқсат.

Сатып алынатын тиісті құрылыстың тізімі мен келісімшарт үлгісін <http://ayu.edu.kz/> сайтының хабарландыру парақшасынан немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекен-жайда орналасқан А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинеттен алуға болады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 11.04.2024 (15:00), №201 кабинет.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты: Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 7 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинетте қабылданады.



Қобыз – қазақ халқының көнеден келе жатқан ұлттық аспабы. Қорқыт бабамыздан қалған құнды жәдігердің қадір-қасиеті де ерек. Себебі мұнда өзге аспаптарда кездеспейтін өзіндік үн құдіреті бар. Сондықтан да қобызды жасау кез келген шебердің қолынан келе бермейді. Десе де, Жамбыл облысының тұмасы Қанат Қазақбаевтың қылқобыздары талай жанды таңғалдыруда. Оның жаңқаға жан бітіріп, қалыпқа қашап қондырған қобызы тіпті Италияның Ватикан қаласындағы мұражайда Қорқыт ата кітабымен қатар тұр.

# ҚАЗАҚТЫҢ СТРАДИВАРИИ



Қанат Дотаұлы 1962 жылы Жамбыл облысы Шу ауданы Абай ауылында дүниеге келген. 1978 жылы Алматы қаласындағы Н.Гоголь атындағы көркемсурет училищесіне ағашты көркемдеп өңдеу, суретші-шебер маман-

лығы бойынша оқуға түсіп, оны 1982 жылы тәмамдап шығады. Ал көлөнерге деген ынтасы інісі, бүгінде дарынды қобызшы Әлқуат Қазақбаев үйіне құрама қобыз алып келгенде оянған. Міне, осы сәттен бастап Қанат Қазақбаев қобыз жасауды жан-жақты зерттеп, амал-тәсілдерін меңгере бастайды.

– Інім үйге құрама қобыз алып келгенде оның жасалуына ерекше зер салдым. Содан ұлттық аспабымыздың жасалу тәсілі қызықтырып, қажетті құрал-жабдықтармен жұмыс істеуге машықтандым. Бірте-бірте қобыз жасауға қажетті материалдар мен түйенің терісін қалай өңдеу керектігін де үйрендім. Жасыратыны жоқ, алғашында қиындықтар болды. Бірнеше қобызым сәтсіз де шықты. Алайда алған бетімнен қайтпай, өзімнің шеберлігімді шындай бердім. Нәтижесінде, бүгінгі күнге жетіп отырмыз. Қазір қобыздың кез келген түрін жасау қолымнан келеді, — дейді шебер.

Қанат Дотаұлы қобыз жасауда ешқандай заманауи қондырғыны пайдаланбайды. Ағашты да қолмен ояды. Шебер қобыз жасаудағы ең ләззат алатын тұс осы екенін айтады. Егер ағаштың әр қыртысын сезініп, оны өзің қолмен ойып жасасаң, өте сапалы қобыз шығады екен.

Тағы бір қызығы, Қанат шебер қобызда ойнай алмайды. Алайда оның жасаған қобыздарының үні кәсіби қобызшылардың өзін таңғалдыруда.

Қазір шебердің үйінің жанында шағын шеберханасы бар. Міне, осы жерде ол сан түрлі қобыз жасауда. Қанат Қазақбаевтың айтуынша, қобыздан шығатын ерекше үн оған пайдаланылатын ағаш пен төрт түліктің қылына байланысты екен. Көбіне қобыз жасаушылар өздерінің туған өлкелерінің табиғатына қарай тандап, ешкімге ұқсамайтын өзіндік технологияны пайдалануға тырысатын көрінеді. 33 жылдан бері бұл өнерді жанына серік еткен Қанат шебердің аспап жасауда өзіндік ерекше тәсілі бар.

– Менің туған өлкем Шу өзенінің бойында орналасқандықтан, олаймақта жиде, үйенкі сынды ағаштар көп өседі. Қобыз жасауға осы ағаштарды пайдаланамын. Ал қобыздың төменгі жағын малдың терісімен қаптасам, ішегін бсалты жасар айғырдың құйрық қылынан өремін. Ағаштарды шауып, ойғаннан кейін оларды 2 сағат тұзға қайнатамын. Сосын олардың бойындағы ылғал мен майды сіңіріп алу үшін күлге көміп тастаймын. Осындай ұзақ процестерден соң ғана әрлеу жұмыстары басталады. Ал оларды жасауда құрал-саймандардың

ішінен тек ойыс жүзді қашау мен пышақты пайдаланамын. Жалпы, бір аспапты жасап шығу үшін адамға шыдамдылық пен өз ісіне деген сүйіспеншілік керек, — дейді шебер.

Бір қобызды жасау үшін шебер шамамен 15-20 күннің жұмсайды. Бүгінге дейін оның қолынан туған 300-ге тарта қобыз көптің көзайымына айналған. Қанат Дотаұлының тағы бір ерекшелігі, ол қобыздың айрықша түрі нарқобызды да жасай алады. Ол қобызды ертеде бақсылар қолданған.

Шебердің айтуынша, қазір ұлттық аспапқа деген жұрттың сұранысы жоғары. Жылына кем дегенде 20-ға жуық тапсырыс түсіп тұрады екен. Ал Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының ұжымы Қанат Дотаұлының тұрақты тұтынушысына айналған.

Жамбылдық шебер үлкен ортада танымал болмаса да, ол таудай тірліктер атқаруда. Оның қолымен жасалған қобыз бүгінде Италияның Ватикан қаласындағы музейде Қорқыт ата кітабының жанына қойылған. Осының өзі Қанат шебердің беделі мен талантын биіктетіп тұр.

– «Қорқыт ата» кітабының дүниежүзі бойынша тек 2 нұсқасы бар. Оның бір түпнұсқасы Ватикан музейінде болса, екіншісі Германияның Дрезден қаласындағы мұражайлардың біріне қойылған. Елімізге 2001 жылы Рим папасы Иоанн Павел II іссапармен келіп, Астанадағы Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің сол кездегі ректоры Мырзатай Жолдасбековпен кездескенін ел жақсы біледі. Міне, сол кездесу барысында ректор Ватикандағы музейдің бірінде тұрған Қорқыт бабамыздың кітабының жанында қазағымыздың ұлттық аспабы қобыз тұрсын деген ұсынысын айтты. Сол қобызды жасау бағы маған бұйырды. Содан ректор мен жасаған қобызды Рим папасына сыйға тартып, қазір ұлттық аспабымыз Ватиканның төрінде тұр, — дейді Қанат.

2014 жылы тағы бір тарихи оқиға болады: белгілі археолог Зейнолла Самашев бастаған бір топ ғалым Шығыс Қазақстан облысы аумағындағы Берел қорғанынан шамамен VII ғасырда өмір сүрген сарбаздың моласының жанынан бір аспап табады. Тарихшылар зерттей келе, оның жорыққа шығар алдында жауынгерлерге рух сыйлайтын қобызға ұқсас музыкалық аспап екенін анықтайды. Содан Халықаралық түркі академиясының президенті Дархан Қыдырәлі, археолог Зейнолла Самашев бастаған ғалымдар қазба жұмыстарынан табылған аспап обден ескіргендіктен, оны бүтіндей алмай, кескінін ғана қағазға түсіріп ала-

ды. Сол суретпен олар қобыз жасаудың шебері Қанат Қазақбаевқа қайырылып, аспапты жасап шығаруға өтініш білдіреді.

– Суретке қарап отырып қобыздың реконструкциясын жасап шықтым. Содан ғалымдар көлемі шағындау ғана болып жасалған сарбаздың аспабын тартып көріп, одан шыққан әсем үнге таңғалып, оны «Қобыздың атасы» деп бағалады. Сол аспаптың тоғыз данасын жасадым. Оның бесеуі Түркі мемлекеттерінің президенттеріне сыйға тартылды. Ал қалған төрт қобыздың бірі елордадағы Халықаралық түркі академиясының мұражайында тарихи-құнды жәдігер ретінде сақталып тұрса, енді біреуі Париждегі ЮНЕСКО-ның музейіне қойылған. Қалған екі қобыздың бірін Алматы қаласындағы Ықылас Дүкенұлы Алматы қаласындағы Ықылас Дүкенұлы атындағы ұлттық музыкалық аспаптар мұражайына тапсырдым. Ең соңғы тоғызыншы қобызды қоғам қайраткері әрі ғалым Мырзатай Жолдасбековке сыйға тарттым, — дейді Қанат Дотаұлы. Шебер түрлі байқауға қатысып, жүзден жүйрік те шыққан. Мәселен, 2006 жылы тұңғыш рет ұйымдастырылған «Дана қобыз» айтты байқауда оның жасаған аспабы төңдессіз деп танылған. Бұдан бөлек, Талдықорған қаласындағы Ілияс Жансүгіровтің әдеби-мемориалдық музейіндегі Молықбай Байсақаулының ертедегі қобызын қайта өңдеу жұмысы шулық шеберге тапсырылған. Қазактың қалагер ақыны атанған Ілияс Жансүгіровтің атақты қобызшы Молықбай Байсақаулына арнап жазған «Күйші» поэмасын білмейтін адам кемде-кем. Сол қобызды Қанат Қазақбаев Шу жерінде аз ғана уақыттың ішінде қайта өңдеп, қалпына келтіріп, күйшінің 150 жылдығына арналып ұйымдастырылған ғылыми-танымдық конференцияға дайындап берген.

Бүгінде ерекше талант иесі Қанат Дотаұлы жұбайы Әсел Тірібосыновамен төрт бала тәрбиелеп, ұлды ұяға, қызды қияға қондырған өнегелі отбасы. Ал Қанатты қазіргі заманның Антонио Страдивариі десек те болады. Себебі оның тудырған туындылары бірнеше елдің музейлеріне қойылып, әлемдік мұраның алтын қорына айналып отыр. Сондықтан Қанат шебердің өнері мен еңбегі қандай мақтауға да лайық. Енді бабадан балаға мұра болып келе жатқан осынау ұлттық өнерді дәріптейтіндердің саны артып, кейінгі ұрпақ үлгі-өнеге алса екен деп тілейміз.

Саятхан САТЫЛҒАН,  
Жамбыл облысы

## ҰЛТТЫҚ СПОРТ КҮНІН АТАП ӨТТІ



Елордадағы «Арғымақ» ат спорттық сауықтыру кешенінде Наурыз мейрамы аясында Ұлттық спорт күніне арналған «Наурызнама: Ұлттық спорт күні» атты мерекелік іс-шара өтті.

Шараға Туризм және спорт министрі Ермек Маржықпаев, Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, Ұлттық спорт қауымдастығының президенті Исламбек Салжанов, ұлттық спорт ардагерлері, ұлттық спорт федерацияларының президенттері, спортшылар, дипломатиялық миссиялардың басшылары мен өкілдері, сондай-ақ елорда тұрғындары мен қонақтары қатысты.

Туризм және спорт министрі Ермек Маржықпаев құттықтау сөзінде бүгінде елімізде ұлттық спорт түрлеріне деген ерекше қызығушылық пен танымалдылық

артып келе жатқанын ерекше атап өтті.

«Қазақтың ұлттық ойындары — мәдени-патриоттық тәрбие беруде ұтымды құрал. Денсаулықты нығайтуға, саламатты өмір салтын насихаттауға елеулі септігін тигізеді. Бүгін ел ішінде өткізіліп жатқан ат жарыстар, құсбегілік және асық ату, тоғызқұмалақ, садақ тарту сияқты турнирлер азаматтарға шынайы мереке салтанатын сезінуге мүмкіндік беруде», — деді министр.

Ұлттық спорт түрлері қауымдастығының президенті Исламбек Салжанов елімізде Наурыз мейрамын тойлаудың жаңа тұжырымдамасы аясында 20 наурыздың ұлттық спортқа арналуы бүкіл ұлттық спорт үшін қуанышты жаналық екенін атап өтті.

«Сонғы жылдары Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолдауымен елімізде ұлттық спорт қарқынды дамып келеді. Биыл қыркүйек айында елімізде

Президенттің бастамасымен, V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтеді. Бұл ауқымды халықаралық іс-шара ұлттық спортты одан әрі дамытуға тың серпін береді», — деді Исламбек Салжанов.

Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен жиналғандарды мейраммен құттықтап, осы мереке күндері елорданың барлық ауданында ұлттық спорт түрлері бойынша жарыстар өтетінін атап өтті.

Мерекелік іс-шара аясында көкпар, аударыспақ, тенге ілу, қыз куудан көрсетілімдер және тоғызқұмалақ пен асық атудан шеберлік сынаптары өтті. Қонақтарға қазақы тазы және бүркіт көрсетіліп, құсбегілік өнер таныстырылды. Сонымен қатар көкпардан Астана мен АҚШ құрамалары арасындағы жолдастық кездесу көрермендер үшін керемет тосынсы болды.

Мерекеге орай өзінің жетістіктерімен ұлттық спортты дәріптеп жүрген ұлттық спорт ардагерлері мен қайраткерлер марапатталды. Олардың қатарында көкпардан КСРО-ның тоғыз дүркін чемпионы Әбілхан Дауылбаев, тоғызқұмалақтан Қазақстан Республикасының екі дүркін чемпионы Мейрамқұл Ноғайбаев, Қазақ КСР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Жұмабек Мейрамғалиев, белгілі спорт журналисі, жазушы Несіп Жұнсбайұлы, Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Құламхан Жақыпов, асық атудан ұлттық құраманың бас бапкері Жомарт Сабыржанов, атбегі Мейрамбек Чакенов бар.

Дәстүрлі республикалық «Армысың, өз Наурызың» айттысында Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығы мен Қарағандының 90 жылдығына орай 14 ақын бақ сынасты. Жеті суырыпсалма ақындар жұбы алты сағат бойы шешендік өнерін ортаға салып, өзара сайысты.

## АҚЫНДАР ТҮСТІ ТАРТЫСҚА

Айтыстың ашылу салтанатында Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын: «Кезіндегі кеңес заманында біраз дүниемізден қол үздік. Уағында еркімізді алса да, еңсеміз түскен жоқ. Өткеніміз қайта жанып, өлгеніміз қайта тірілді. Осындай асыл қазынамыздың бірі — айтыс өнері. Өзбекәлі Жәнібековтей арыс азаматымыздың қайраткерлігінің арқасында Наурыз өз деңгейінде тойлана бастады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұған терең мағына үстеді. Биыл өз Наурыз жанаша мәнге ие болды. Алыстың жақындайтын, араздың татуласатын ерек күндері бұл. Жалпыхалықтық сипатқа ие болып жатқан тағлымы терең, дәстүрі дестелі ұлт мерекесі баянды болсын! Ақындар алқынбасын», — деп тілегін білдірді.

Айтыскерлер Сөкен Сейфуллин атындағы Қарағанды театрының сахнасында Қаныш Сәтбаевтың еңбегі мен кеншілер астанасының жетістіктеріне ғана емес, сонымен қатар өз аудандарының, қалаларының және жалпы Қарағанды облысының өзекті мәселелерін қозғалды. Айтылған сында жолдардың жағдайы, кеншілердің еңбек жағдайы және тағы да басқа дүниелер айтылды.

Финалға төрт ақын өтті. Үшінші орынды Нұра ауданының ақыны Жандос Бақытұлы мен Қарқаралы ауданының айтыскері Бекарис Оспанов өзара бөлісті. Екінші орынды Сырым Бейсенбек (Ұлытау облысы) және Нұрмұхамед Байсүгіров (Қарағанды) иеленді. Ұлытаудан келген Думан Самат бірінші болды. Бас жүлдегі Теміртау ақыны Еркеғали Бекболат ие болды.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

AIQYN газетінің ұжымы басылымның бұрынғы қызметкері, белгілі журналисті, Егемет Qazaqstan газеті бас редакторының орынбасары Талғат Батырханға анасы

Нұрғайша ОМАРҒАЛИҚЫЗЫНЫҢ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



AIQYN

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —  
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор —  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ —  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА —  
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:  
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —  
Ақмола облысы  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ —  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫЛҒАН —  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —  
Қарағанды облысы  
Назғұл НАЗАРБЕК —  
Шымкент қаласы  
Жаннат ҚАЙЫРҒОЖИНА —  
Батыс Қазақстан облысы  
Ерболат ЖАЛҒАСБАЙ —  
Қызылорда облысы  
Баши ЖАНУЗАҚ —  
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Көшіп-салмақ,  
мекемелер үшін — 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін — 55102  
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БОЛІМЕ:  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklama.aiqyn@gmail.com  
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БОЛІМЕ:  
8(7171) 804-61-32  
podpiska.ai@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4426  
Астана қ., «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Слветі көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ., «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,